



ЖЫЛ ЖАБАР

ЖЫЛ ЖӘНЕ

ЖАҢАЛЫҚ

Жеті қазынаның бірі саналатын ит жылын ел-жұрт болып шығарып салғалы отырмыз. Бұл жыл халқымыз үшін жайлы болды. Тыныштық пен береке-бірлігіміздің арқасында тәуелсіздіктің тағы бір жылы тарих парақшасына алтын әріптермен жазылды. Енді табалдырық аттайтын доңыз жылы да ырысымен келсін делік! Ел символына айналған Барыстың бағын жандырып, Қыранның қанатын қатайтсын! Бүгін біз ит жылы есте қалған елеулі оқиғаларға бір көз жүгірткенді жөн көрдік.

(Бұл туралы 5-беттен оқыңыздар)

ӘТТЕГЕН-АЙ!

КҮМӨНДІ СЫЙЛЫҚТАН САҚ БОЛЫҢЫЗ!



Сауда орындары жана жылдық жылтырақ қағаздар мен қаптамаларға салынған кәмпіттерге толып тұр. Бұл қонаққа баратын үйге сыйлық ретінде ала кетуге өте ыңғайлы.

Алайда қағаз ішіндегі кәмпіттердің арасында сақтау мерзімі белгісіз өнім көп. Мысалы, күні кеше қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің өкілдері еліміз бойынша дүкендерді тексеру барысында мерзімі өтіп кеткен кәмпіттердің кездесетіндігін анықтаған. Бұл туралы еліміздің Бас санитар дәрігері Жандарбек Бекшин: «Қараша, желтоқсан айларында орама қаптағы кәмпіттерді тексерлік. Бірнеше өңірде мерзімі өтіп кеткен кәмпіттер сөреге қойылғаны анықталды. Оларды сатылымнан алып тастадық», — деп мәлімдеді.

Бәрінен қиыны қызметкерлерге ораулы тұрған кәмпіттерді тексеру қиынға түседі. Өйткені әр ораманы тексеру қажет. Егер өнім талапқа сай болмаса, прокуратура органдары жоспардан тыс тексеріп, тауар өндірушінің қызметі тоқтатылады.

Осы секілді кемшіліктер барлық өңірде ұшырасады. «Тәтті жеймін» деп тамсандудың өзі қауіпті болып тұрғанда, ел-жұрт балаларына не беріп жатқанын жақсы білуі тиіс. Себебі тәттінің соңы ащы болуы мүмкін...

Ғалия ҚҰРМАН

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Осы аптада Мәжілісте жылжымайтын мүлікке қатысты құқықты мемлекеттік тіркеу туралы мәселе сөз болды. Әділет министрі Марат Бекетаев жылжымайтын мүлікті көшіктіріп тіркегені үшін тұрғындарға айыппұл салмауды ұсынды. Талқылаудан кейін министр журналистердің бірқатар сұрақтарына жауап берді.

МҮЛІКТІ ТІРКЕУ ЖЕҢІЛДЕДІ



— Марат Бакытжанұлы, жылжымайтын мүліктер қай жылдан бері және қалай тіркеліп келіп еді?

Марат Бекетаев: Жылжымайтын мүліктерді мемлекеттік тіркеу қызметін әділет органдары 2007 жылдан бастап жүргізіп келеді. Жыл сайын орташа есеппен жылжымайтын мүлікке қатысты 1700-ден астам құжат тіркеледі. Сондай-ақ 10 миллионнан астам электронды форматта анықтама беріледі. Бұл көрсеткіш жыл сайын артып келеді. Тіркеу мерзімі 15 күннен 3 күнге дейін кеміді. Жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу үшін екі құжатты ғана ұсыну жеткілікті (құқық белгілейтін құжат және төлеу туралы түбіртек). Техникалық паспортты беру туралы талап алынып тасталды.

— Жылжымайтын мүліктерді тіркеуде тағы қандай жеңілдік қарастырылады?

Марат Бекетаев: 2015 жылдан бастап нотариустар куәландырған барлық мәмілеге құқықты электронды



тіркеу енгізілді. Бұл мәміле 1 күн ішінде тіркеледі. Осылайша, әрбір төртінші тіркеу электронды форматта жүргізіледі. Құқықтық кадастрдағы анықтама түріндегі барлық ақпараттық қызмет электрондық форматқа ауыстырылды. Келесі мәселе — жылжымайтын мүлікті уақытында тіркемегені үшін әкімшілік жауапкершілікті алып тастау. Бұл талап 2007 жылы салықтық әкімшілендіру және халықты жылжымайтын мүлікке өз құқығын тіркеуді мәжбүрлі түрде іске асыру мақсатында енгізілді.

Жазып алған
Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

ДҰҒАЙ СӘЛЕМ

СҮТТІ СИЫРЫМЫЗ АМАН БОЛСЫН!



Жә, бірді айтып, бірге кетпей, басынан бастап баяндайын. Есіңде ме, бұрын да жазып едім ғой «қылышын сүйретіп қыс келе жатыр» деп шулайтындар туралы? Соның жаңғырығы әлі де естіліп қалады. Бірақ оған жұрттың құлағы үйренген. Қазір ешкім қамсыз отырмайды. Біз де солай. Өзің білесің, күні-түні тілейтініміз қара сиырдың амандығы. Соның жем-шөбін сайлап, өбігерге түсеміз де жатамыз. Әйтсе де, базардағы сүттің бағасы тұрақты емес. Күн сайын құбылып зәре-құтымызды кетіреді. «Әй, Өпек, құнын түсіре көрме!» деп жалбарынуудан қолымыз тимейді. Сүттен басқа да саудаға шығаратын темір-төрсегіміз, ет-петіміз бар дегендей, күнкөрісіміз жаман емес. Көбінен ілгері, азынан кейін. Айтпақшы, баяғыда өзің көрген бұзау өсті. Әлгі торпақ ше? Сол бүгінде нән сиырға айналды. Оның да сүтін сатып, біраз жырғап қалдық.

(Бұл туралы 4-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР


МҰНАЙ (brent)
51,22

DOLLAR
379

EURO
422,70

РУБЛЬ
5,39

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Құмар ойын бұған қариялар

(Жалғасы
2-бетте)

ҮКІМЕТ

Жұрттың «қаңтарға дейін қатты аяз бола қоймас» деген үкілі үміті ақталмады. Солтүстік аймақ тағы да желтоқсанның желін ащы аязбен қарсы алды. Астана қаласы мен Ақмола облысын 40 градус аяз қысып тұр. Қақаған қыстың қаншалықты қауіп-қатерге толы екендігін жақсы білетін «Қазгидромет» дабылды ескерту жариялап үлгерді. Оның ықтималдылығы – 95–100 пайыз екенін ескерсек, шын мәнінде, Арқаның арқыраған аязы буып тұр. Көліктер үшін жол жабылып, далада қалғандарды құтқару жұмысы жүргізілуде. Үсік шалғандарға көмек көрсетілуде.

Аймақтарды аласапыран еткен боран Астанада отырған шенеуніктерді шошытты ма, әлде сақтыққа корлық жок деді ме, үкімет

барлық өңірінде тұрақты түрде өтіп жатқанын айтты. Министрлік жылумен, сумен қамту және су бұру желісінде технологиялық бұзушылықтарға қатысты жылыту маусымына мониторинг жүргізіп отырады екен. Әкімдіктер мен



сактанған дұрыс. Жыл сайын көңілге күдік ұялататын бір түйткіл бар еді. Биыл сол мәселе шешімін тапкандай, яғни халық қара отынмен толық қамтамасыз етіліпті. Көмірмен қамту деңгейі бойынша айтқанда, жылдық жоспардың 93,2 пайызы орындалған.

АЯЗДА ТОҢБАУДЫҢ АМАЛЫ

басшысы Бакытжан Сағынтаев осы аптадағы үкімет отырысын жылу беру маусымын қараудан бастады. Энергетика министрі Қ.Бозымбаев пен инвестициялар және даму министрі Ж. Қасымбектің баяндамасын тыңдап, облыс әкімдеріне жылу беру маусымының өту кезеңін қатан бақылауда ұстауды тапсырды.

Қ.Бозымбаевтың айтуынша, жалпы күзгі-қысқы кезең тұрақты режимде өтіп жатыр. Бір жылға жоспарланған электр стансасындағы жөндеу жұмысы іс жүзінде аяқталған. 8 энергоблок, 52 қазандық пен 44 турбина, 28,3 мың шақырым электр беру желісі және орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағындағы 500 қазандық жөндеуден өткен. Қысқасы, қысқа дайындығымыз жаман емес секілді.

Инвестициялар және даму министрі жылыту маусымы еліміздің

ішкі істер министрлігінің төтенше жағдайлар комитеті күн сайын ауа райының жылу құбырларына қаншалықты күш түсіріп отырғанын баяндап отырады.

Министрдің айтуынша, «Жылыту маусымы басталғаннан бері тіршілікті қамтамасыз етудің коммуналдық жүйесінде 24 технологиялық бұзушылық анықталыпты. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда екі есе аз. Апат айтып келмейді. Тосын оқиғаның алдын алу үшін әкімдік халықтың күнделікті тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуіне бақылауды күшейтуі керек. Технологиялық ақауды жылдам қалпына келтіріп, жылыту маусымына жауапты адамдардың кезекшілігін мереке күндері де ұйымдастыру қажет.

Бәріміз шыршаны айналып жүргенде, шырқымызды бұзатын қауіп-қатерден

Яғни барлық өңір халық пен коммуналдық-тұрмыстық секторға көмір жеткізу кестесін уақытынан бұрын орындауда. Тіпті Ж.Қасымбек «Әкімдіктер мен көмір сатушылар арасында жасалған меморандум есебінен соңғы 4 аптада еліміздің барлық өңірінде коммуналдық-тұрмыстық қажеттілік пен халыққа сатылатын көмірдің бағасы орта есеппен 15–20 пайызға төмендеді», — деп хабарлады.

Шынын айтсақ, жылы сөзге жылынып қалғандай болдык. Бірақ қуануға әлі ерте. Соңғы күндері қыстың қыспағы енді басталғанын байкаткандай. Ауа райын бақылаушылардың сөзіне қарағанда, елдің кей аймағында ауа райы тұрақсыз. Кей жерде жауын-шашын, көктайғақ, жел күшіне мініп тұр.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Әлеумет.т⁰



Хайп деген бәле өршіп барады. Желіккен жастар әлеуметтік желіде өз жанашырлары мен табынушыларының қатарын көбейту үшін хайптың алуан түрін жасайтын болды. Соның соңғыларын айтайықшы...

Биыл білгенін істеуге құштар біраз қыз казакстандықтардың жүйкесін жұқартты. Солардың көш басында жүргендеріне «көз тигендері» де ұшырасты. Әлеуметтік желінің шаңын қағып жүрген Айжан Байзақова босанып қалып, желі біраз күн тынышталғандай да болды. Сөйтсек, бұл дауыл алдындағы тыныштық екен. Айжанның жоктығын пайдаланғысы келді ме, әлде ол да бұрыннан дайындалып жүрген бе, жаланаш суретін жариялауға ынтық тағы бір бойжеткен жарк ете қалды. Әп-әдемі казактың қаракөз аруы. Жамандыққа қимайсың! Өзінің аты-жөнін — «Шырын Нарчаева» деп жазыпты (*негізі Нарчаева болуы керек*).

Ойнақтаған он сегіздегі Шырын сұлу желінің бетін

киген еркетотайлар желідегі жаңғырықтарында «Бұл — хайп. Табынушыларымыз көбейеді» деп көпіріп тұр. Олар да камера алдында бет моншағы үзілген сәукелемен ары-бері биледі. Шырынды кайталағандар казак қыздарының қасиетті бас киімін сайқымазаққа айналдырып, өздері де жұртқа күлкі болғанын түсінді ме екен?..

Хайпер демекші, жана жылдық басқосудың бәрі осындай тентектердің қойылымынсыз қызбайтын болған. Тіпті арнайы шақырады. Сәукеле киіп мазак болған әлгі үш жігіт сияқты хайперлер сондай той-жиындардың «гүлі». Олар шешініп алып, есіріп тұрып билейді. Ит боп үріп, мысық боп мауығады. Ақшасын төлесе, ақымақ болудан арланбайды. Кезінде елі мен жерін жаудан қорғаған ерлеріміздің арасында есі ауысқандар қазір осылай ұсақталып кетті. Бұл сөзді айтудың қаншалық ауыр екенін іштеріңіз сезер. Халқымызда: «Бәрі аулайтын жігіт бәрігінен белгілі. Жау алатын жігіт

СӘУКЕЛЕ СЕНІҢ НЕ ТЕҢІҢ?!

жаланаш суретімен ашты. Құлын мүсін көзді арбайды. Басына сәукеле киіп, кеудесі тұттай жаланаш шыққан қызды көргенде, біз де хайп екенін бірден ұқтық. Ашық кеудесін қолымен жауып, өзінше ұялған сынай танытады.

Шырынның шырынды қызығы онымен тоқтамады. Телеарналардың біріндегі ток-шоуга шықты. Анасы мен әжесі қыздарының хайпынан хабары бар екенін, тіпті жакындары қыздарын қолдап отырғанын айтты. Жаланаш қылығын бұдан былай да жалғастыратынын мақтанышпен жеткізді.

Нарчаеваның хайпын сынағысы келді ме, әлде өздері де хайп ізделі ме, кім білсін, желіде тағы бір хайперлер пайда болды. Бұл жолғы жүгенсіздер — казактың нарға тенеуге болатын жігіттері. Олар да әлеуметтік желіге сәукеле киіп шықты. Біреу емес, үшеуі бірдей. Казак қыздарының қасиетті бас киімі сәукеле мен бөрік

серігінен белгілі. Балта соғар жігіт көрігінен белгілі» деген аталы да баталы сөз бар. Осы мақалдың мәйегін түсінбейтін, істеген ерсі тірлігіне күрсінбейтін селтенбай серілер көбейіп келеді. Елдің мақтанышы, қарындастарына қамқор болатын жігіттердің бір бөлігі кейбір қыздардың, онда да күлдіретіні де, бүлдіретіні де көп арсыздау арулардың қатарын толықтыруда. Олардың той-томалақтағы ерсі қылықтары, әйелше киініп анайылау әрекеттер жасайтыны ұлттымызды ұятқа қалдыруда. Сондай дейміз-ау, намысты қайда қалдырдық? Балаларымыздың, келіншектеріміздің бетіне қалай қараймыз? Хайп бізді қайғқа батырып, ұлтты рухын аяққа таптатуда. Сұрақ көп, жартымды жауап болмай тұр.

Жарас

КЕМЕЛЖАН



АПТАНЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ

270

↓

Шығыс Қазақстан облысының соты биыл осынша отбасын ажырасудан сақтап қалды

9700

теңгенің кәмпітін жеген астаналық сатушы заңмен жазаланды

5

тонна өлі балық Жайық өзенінен жиналды

200

мың еуроны еліміздің бай-бағандары ресейлік әнші София Ротаруға төлеуге дайын

1 000

қылмыс биыл Алматыда қызметтік иттердің көмегімен ашылған

12 000 000

астаналық автобус жүргізушілеріне жыл басынан бері салынған айыппұл көлемі

Сөз-Жебе

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Сенат төрағасы:

«Сенаттың жалпы отырыстарында 80 заң жобасы қаралып, оның ішінде 72-сі қабылданды, 8-і сенаторлар түзетулерімен Мәжіліске бағытталды. Сонымен қатар өзекті тақырыптар бойынша 70-ке жуық маңызды шара ұйымдастырылып, соның нәтижесінде атқарушы органдарға нақты тапсырмалар берілді. Үкіметке 100-ден астам депутаттық сауал жолданды. Депутаттық сауалдарға келген жауаптардың көпшілігі депутаттардың көңілінен шықпағанына Үкіметтің назарын аударған болатынбыз»

1+3

Сәкен ӨТЕБАЕВ, депутат:

«Бірыңғай оператор құру арқылы тауарды таңбалайтын орталық құрылғалы отыр. Бұл орталық тауарларды таңбалайды. Бірақ бұл жұмысты кәсіпкерлердің өздері жүргізуі қажет қой. Мұндай қызмет көрсететін делдалдардың құрылуы таңбалау құнын өсіріп, бизнеске салмақ түсіреді. Бізге аталған орталық не үшін құрылғалы отырғанын түсіндіріңізі!»

Тимур СҮЛЕЙМЕНОВ, ұлттық экономика министрі:

«Қаржы министрлігі аталған мәселені бизнес өкілдерімен талқылады. Олар тауарды таңбалайтын жеке орталық құруды ұсынды. Яғни таңбалауға жататын тауарларды ғана таңбалайды. Бұл нарықта тауарды қосымша таңбалау қызметін алу үшін енгізілді... Біз екінші оқылымға дейін бұл мәселені міндетті түрде пысықтаймыз. Арадағы артық делдалдарды жоямыз»

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы:

«Үкіметте заң жобасын дайындаған кезде оның мәніне терең үңілмейтін сияқтысыздар. Тек Парламентте заң жобасы талқыланған кезде, депутаттар заңға енгізілетін өзгерістерге дәлел келтірген сәтте, сіздер аяқ астынан көзқарасты өзгерте қоясыздар. Яғни «Формула-1» жарысындағы көлік дөңгелегін ауыстырған жүргізушілер сияқты. Тек содан кейін ұсынған заң жобаларын зерттей бастайсыздар»

Аптаның уәдесі

Қанат БОЗЫМБАЕВ,
энергетика министрі:

«Министрлік орталық және жергілікті атқару органдарымен бірге қазіргі жылу маусымының жайлы өтуін қамтамасыз етуге бағытталған жұмысын жалғастыра береді. Біз тұрғындар Жаңа жылды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алады деген ойдамыз. Сол үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Мен біздің азаматтар жылу мен жайлылықты сезініп, үкіметтің атқарған жұмысына төңті болады деп есептеймін!»



Қызықстан қызықтары

Жеңіл өмірге үйірсек жастарға жағамызды ұстаушы едік. Енді олардың қатарынан қарттарды да көре бастадық. Айталық, Ақтөбе қаласында ойын автоматтарына құмар қарттар көбейіпті. Бір кәсіпкердің дәмханасына заңсыз орнатылған ойын автоматын айналсоқтаған зейнеткерлерді көрген тәртіп сақшылары таңғалыпты.

Анықтай келгенде қариялар қаражатын қызба ойындарға салуда алдына жан салмайды екен. Алайда полиция ойын автоматтарына үйір қарттарға ешқандай шара қолдана алмайды. Тек бизнесін заңсыз дөңгелеткен кәсіпкер ғана қомақты айыппұл төлейді. Бұл туралы КТК арнасы хабарлады.





«ДӨП» пікірсайыс клубының бүгінгі тақырыбы – жергілікті атқамінерлердің бюджет қаржысына пәтер сатып алуы төңірегінде болмақ. Мұндай тосын оқиғалардың жиілеуі нені аңғартады? Осы мәселе төңірегінде Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембиновпен журналист Дәулетхан Қыдырбайұлы әңгімелесті.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Берік Сәлімжанұлы, осы аптада әріптестеріңіз, жергілікті жердегі, аймақтардағы әкімдіктерде қызмет істейтіндердің, мемлекеттік қызметтегілердің қызметтік баспана алу барысында тым асыра сілтеуге баратындықтары туралы депутаттық сауал жолдады. Бұл мәселені журналистер, қоғам белсенділері әлеуметтік желілерде көтергенінен кейін ғана депутаттық сауалға айналып отыр. Осы мәселеге көзқарасыңыз қалай?

Берік Дүйсембинов: Баспана мәселесі — еліміздегі ең бір өзекті, елді аландатып отырған мәселе. Сіздердің әріптестеріңіздің, қоғам белсенділерінің назарына неге ілікті? Өйткені,

ҚАРАЖАТТЫ ҚАЛТАСЫНАН ТӨЛЕСІН!



баспана мәселесі кімді болмасын аландатпай қоймайды. Үйсіз-күйсіз жүрген азаматтар өте көп. Күйіп тұрған мәселенің бірі. Өкінішке қарай, бұл тек Павлодар облысына ғана тән көрініс емес. Мұны еліміздің барлық облысына тән мәселе деп айта аламын...

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Кай-қай облыстар ол, нақты атай аласыз ба?

Берік Дүйсембинов: Павлодар облысы, содан кейін, Атырау облысы, Шымкент қаласы, Алматы облысындағы Жамбыл ауданы сынды бірқатар аймақтар бар. Оның ішінде Өскемен де бар. Олар шамамен 50 миллион мен 35 миллион тенге аралығындағы пәтерлерді өздерінің қызметкерлеріне сатып алмақшы болған. Мұндай мәселе барлық облыстарда кездеседі. Сіздердің назарларыңызға іліккен мәселені Мәжіліс қабырғасында жария ету, талап ету — біздің міндетіміз.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Сіздерде осыған байланысты қандай шара қолдану керек деген ұсыныс бар, не істеу керек? Енді «болары болып, бояуы сіңді» деп қоя салу керек пе, әлде нақты бір шара қолданған жөн бе?

Берік Дүйсембинов: Қазақта «біреу тойып секіреді, біреу тонып секіреді» деген сөз бар ғой. Біздің азаматтарымыз, мысалы, Елбасының «7-20-25» бағдарламасында жарияланған, осы 10 миллионнан бастап, 25 миллион тенгеге дейінгі үй алудың қамымен естері шығып жүр. Жаалақылары, оның үстіне алған несиелері бар. Жұрттың осыған қолы жетпей жүрген кезде 50 миллион тенгеге пәтер алу деген, енді ол шектен шығушылық, халық пен билік арасының алшақтап кеткенін білдіреді. Біз бұны айтып қана қойған жоқпыз, депутаттық сауалымызда, ең бірінші — осы алынған пәтерлердің этикалық, сосын бюджетке қаншалықты сәйкес келетіндігін тексеруді талап еттік. Осы алынған пәтерлер жекешелендіруге жата ма? Жатса, қандай жағдайда жатады? Осының бәрін Парламенттің алдында, жалпы халық алдында жария етуін сұрадық. Егер заңбұзушылық орын алған болса, онда тиісті адамдар жазалануы керек. Сосын, осы бюджеттік, мемлекеттік органдардың жалпы пәтермен қамтамасыз ету мәселесінде нақты бір критерий болуы керек. Мысалы, «7-20-25» бағдарламасымен неге алмасқа? Олардың халықтан қай жері артық? Халыққа қызмет етіп отырған басшылар ғой. Осыны бір ретке келтірген жөн. Ал енді одан да жақсы, жайлы пәтерде тұрғысы келсе, қаражатты өз қалтасынан төлесін. Онда шектеу қоюға болмайды.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Расында да, қарапайым халық үшін «7-20-25» бағдарламасы бар. Қолжетімді баспана секілді мемлекеттік бағдарламалар жұмыс істейді. Ал мемлекеттік

қызметкерлерге, әкімдік қызметкерлеріне неге басқаша критериймен қарайды?

Берік Дүйсембинов: Бұл біздің азаматтардың әкімшілікке деген сенімсіздігін туғызады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Осыдан барып ашу-ыза туады...

Берік Дүйсембинов: Иә, осыдан барып ашу-ыза туады. Мысалы, 2 баласы бар әкім 250 шаршы метр жерде өмір сүруі керек те, 5 баласы бар Оңтүстік Қазақстанның тұрғыны 50 шаршы метр жерде тұруы керек? Осы бір этикалық, адами тұрғыдан біз өз сауалымызда ретке келтіруді сұрадық.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Жана әңгіменіздің барысында айтып отырсыз

ғой, бұл Павлодарда ғана болған жағдай емес, жалпы, басқа облыстарда да бар деп. Есіңізде болса, осы күзде Үкімет басшысы бөлінген бюджет қаражатын игермегені үшін министрлер мен әкімдерді біраз сілкіп алған болатын. Қазір қарап отырсақ, ондаған миллион тенге пәтер сатып алып отыр. Бұл, бір жағынан, игерілмей қалған қаржының тетіктерін табу көзі емес пе?...

Берік Дүйсембинов: Жергілікті биліктің қай сасқаны екенін білмеймін. Бірақ тығырықтан шығудың, бюджетті игерудің басқа да адами жолдары бар емес пе? Мысалы, мұғалімдеріміз, дәрігерлеріміз, одан қалса, ардагерлеріміз бар. Солардың қамына қарай игерсе, оған тек нұр үстіне нұр деуші едік. Енді «сасқан үйрек артымен сүңгиді» деп, жылдың соңында халықтың ақшасына жеке басына 250-300 шаршы метр үйді 50 миллион тенгеге сатып үй алып жатса, ол ешқандай игеруге де, ештеңеге де жатпайтын нәрсе. Бұл деген — салғырттық, тәртіптің жоқтығы.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Оның үстіне, осындай 40-50 миллион теңгенің баспанасын әкімдіктегі, жергілікті билік өкілдерінің қарапайым қызметкерлері алмайды ғой. Міндетті түрде басшылықтағылар алады...

Берік Дүйсембинов: Енді тәжірибе көрсетіп отырғандай рас айтасыз, алатындар жаңағы басшылықтағылар болып отыр. Мысалы, қаланың әкімі... Тек облыс әкімінің араласуымен осы мәселе шешілді. Мысалы, әлі дәлелденбеген бейнероликтер жүр.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Жалпы, осы сала үлкен бір тексерісті талап етіп тұрған сияқты...

Берік Дүйсембинов: Әрине! Үлкен бір тексеріс керек. Әсіресе, тұрғын үй, жер алу мәселесінде олқылық өте көп. Мысалы, Оралда Исатай мен Махамбет жердің кезегінде тұр. Бұл не деген сұмдық!... Ақмола облысында Моцарт, Голливуд жұлдыздары да тұр екен. Осының бәрін құзіретті органдар растап отыр. Тізімде Голливуд жұлдызы Курт Рассел, Моцарт, лейтенант Шмидт те жүр. Ондай адамдар жоқ қой. Бұл бойынша бүгінде тексеру жүріп жатыр. Бұл не қылған қитұрқылық? Қанша адам кезекте тұр, 10 сотық жеріне жете алмай қайтыс болып кеткен ардагерлеріміз де бар. Қанғып жүрген азаматтарымыз бар. Бұл деген өз еліне жаны ашымаушылық. Енді осыған байланысты қылмыстық істер қозғалмақшы. Бұл деген ашылмай жатқан әлі де көп былықтың барын білдіреді. Тексеру болғанда да науқаншылық емес, ешкім біреуді обалына қалып немесе біреуді қаматқымыз келіп отырған жоқ. Халыққа қызмет көрсетіп отырғаннан кейін облыс, мемлекеттік мекемелердің басшылары тәртіпті өздерінен бастауы керек.

KÓKEIKESTI

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Боямасыз өмір

Еліміз бойынша 19 қалада 25 «Ана үйі» бар екен. Соның 4 Алматы қаласында орналасқан. Алғашқы үй Астана қаласында пилоттық режимде бес жыл бұрын ашылған. Қазіргі таңда «Ана үйі» қоғамдық қорының басты мақсаты — әлеуметтік жетімдікті болдырмауға атсалысу.



«Ана үйі» — өмірде түрлі қиындыққа тап болған жас аналардың амалсыздан паналайтын жері. Мұнда көмелетке толмаған қыздардан бастап, 30 жасқа дейінгі келіншектер уақытша тұрақтай алады. Алматыда орналасқан «Ана үйіндегі» қарақөздердің тағдыры сан алуан. Бірі «отбасының тірегі» санаған күйеуінен зарлап шексе, бірі ата-анасының

Қазір біздің үйдегі ең жас ана 17 жаста. Ол қыз оқып жатыр. Бізде қыздар бір-бірінің баласына қарайласып тұрады. Бірі — студент, бірі жұмыс істейді дегендей. Бізде тігін цехы да жұмыс істейді. Қыздар қол өнерімен айналысып, тапсырысқа көрпе-жастық, тұрмысқа қажетті бұйым тігеді», — деп таныстырды. «Ана үйінде» тұратындарға барлық жағдай жасалған.

жөк. Ауыр соккы салдарынан емханаға қаралуға тура келді. Дәрігерлер дер кезінде келгенімді айтты. Өйткені бас жаракатым асқынып кетіпті. Осы оқиғадан кейін күйеуімнің өзгермейтініне көзім жетті. Баламды алып басқа қалаға кеттім. Қазір өткен өмірімді есіме алғым келмейді. Балапаным үшін өмір сүремін. Алға қойған мақсатым көп. Өз кәсібімді әрі қарай жалғастырсам деймін» - деп әңгімесін аяқтады.

«Аналар үйін» паналаған жас аналар өздерін суретке, камераға түсіруге рұқсат берген жоқ. Басындағы қиындыққа қарамастан, отбасының абырой-беделін сақтағысы келеді. Әке-шешесінің «ұят болмасын» деген ескертуді екі етпеген бойжеткендер туған баласынан бас тартуға дейін барғанын жасырмады.

Ал екінші кейіпкеріміз Айгүлдің тағдыры өзгеше. Ол өзі туралы былай деді: «Колледжде оқып жүрген кезімде бір жігітке алданып қалдым. Содан аяғым ауыр болды. Алты айға дейін жасырып жүрдім. Жүкті

АНА МЕЙІРІМІ АДАСТЫРМАЙДЫ

мінезінен жәбір көрген. Ал тағы бірі — тұрмыстық жағдайдың тауқыметіне ұшыраған. Біз бас сұққан «Ана үйі» 2013 жылдың қазан айында ашылыпты. Мекеме қызметін үйлестіруші Аминат Джаппуеваның айтуынша, ұжым қызметкерлері перзентханалармен жақсы байланыс орнатқан.

Аминат Джаппуева орталықтың ұстанымы — елімізде тірі әке-шешесі бар жетімдердің болмауына үлес қосу екенін айтты. Алмағайып жағдайда тағдырдың тауқыметіне түскен нәзік жандылар көп. Кейбірінің туған-туысы бас тартса, енді бір жігіттер әкелігін мойындамайды. Ары тапталған жас ана амалсыздан баласын тастап кетуге мәжбүр болады. Елімізде 25 «Ана үйі» денсаулық сақтау министрлігімен меморандумға отырған. А.Джаппуева: «Бізді бүкіл перзентхана біледі. Баласынан бас тартуға бел бұған әйел болса, перзентханадағылар ең алдымен бізге хабарласады. Біз міндетті түрде перзентханаға

Ең бастысы — сәбилері құшағында. Біз «Ана үйіндегі» жас аналардың аты-жөнін өзгертіп береміз деген уәдемен тағдыр хикаясын жазып алдық.

Алғашқы кейіпкеріміз — Жәния. Өзі той жүргізуші, сценарист. Сүйген жігітімен өзі ұйымдастырып жүрген тойдың бірінде танысқан. Жігітіне тұрмысқа шығуға анасы қарсы болыпты. Болашақ жарымен сөйлесіп жүргенде, оның өрескел мінезі барын білмеген. Өкініш өзегін өртеген жас ана «Алғашында барлығы жақсы еді, анамның қарсылығына қарамастан, сол жігітке тұрмысқа шықтым. Өмірім тұрмыс құрғаннан кейін күрт өзгерді. Жарымның мінезі құбылып, түрлі себеп айтып, қызғанып, жиі ұратынды шығарды.



екенімді ешкім білмеді. Кейін оны колледждегі кураторым сезіп, анама айтуым керектігін ескертті. Анама болған жағдайды айтқанымда, ол қатты ұрысты. Кейін шешем маған «Басқа қалаға барып баланды босан. Сәби дүниеге келгеннен кейін оны басқа біреуге бер» - деді. Тіпті нәрестені алатын адамды өзі тауып, әлгі кісі менің бар жағдайымды жасады. Пәтерлерімді төлеп, азық-түлікке дейін қамтамасыз етті. Ал босануға аз уақыт қалғанда, баламнан айырылғым келмей қалды. Анама баламды бермейтінімді, уәдеменен бас тартатынымды айттым. Ал әкем бұл жағдайдан әлі күнге дейін хабарсыз болатын. Баламды асырап алғысы келгендер жұмсаған қаржысын талап етті. Сол қаржыны бір аптада қайтармаса, әкеме айтатынын жеткізді. Ақыры ақшасын қайтарып бердік» - деп, көз жасын сүртті. Одан ары сөзін жалғаған кейіпкеріміз «Әпкем маған өзіммен тағдырлас қыздар паналайтын «Ана үйі» бар екенін айтып, осында орналастырды. Мұнда келген күні нәрестемді өмірге әкелдім. Менің әңгімемді оқыған әрбір қызға айтарым: жігіттермен сөйлескенде абай болса екен деймін! Мен сияқты сеніп қалмасын. Ең алдымен өзінің, ата-анасының кім екенін әбден танып-біліп алса екен деймін. Сонымен қатар, әрбір қыз қандай жағдайда да баласынан бас тартпаса екен дегім келеді».

Қазір «Ана үйінде» 16 қыз тұрып жатыр. Мұнда жігері жасып, сағы сынған жандардың енесін көтеріп, аяғынан қайта тұруға барлық жағдай жасалған. Аулада сәбилердің бесік-арбасы қаз-қатар тізіліп тұр. Ең бастысы — әрбір сәбилін анасы жанында. Тек безбүйрек әкелерінің қайда жүргені белгісіз. Ал нәрестесінің жетім қалмауына жағдай жасап, өз парызын адал атқарып отырған жас аналардың алдында бас ию керек шығар. Біз әлгі шаңырақтан ана мен баланың махаббатын, жас аналардың болашаққа деген сенімін, қайсарлығын көріп, марқайып қайттық.

Макпал НОҒАЙБАЕВА
Фото Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Жыл ұрлығы




Биыл көлік айнасын ұрлаған 344 адам ұсталды.



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БИРЖАМЕТР



ҚАҢТАР → 68\$	АҚПАН → 64\$
НАУРЫЗ → 69\$	СӘУІР → 74\$
МАМЫР → 77\$	МАУСЫМ → 79\$
ШІЛДЕ → 74\$	ТАМЫЗ → 77\$
ҚЫРКҮЙЕК → 82\$	ҚАЗАН → 74\$
ҚАРАША → 59\$	ЖЕЛТОҚСАН → 54\$

КӨРШІ ЕЛДЕРДЕ (1 ЛИТР/ ТЕҢГЕ)

БЕНЗИН
ДИЗЕЛЬ
ОТЫНЫ:

РЕСЕЙ
230,5 246,5

ӨЗБЕКСТАН
273 208

ҚЫРҒЫЗСТАН
234 250,8



ТЕҢГЕ- ДОЛЛАР



ҚАҢТАР	332,33
АҚПАН	322,90
НАУРЫЗ	320,30
СӘУІР	318,31
МАМЫР	327,25
МАУСЫМ	329,35
ШІЛДЕ	341,08
ТАМЫЗ	346,70
ҚЫРКҮЙЕК	380,03
ҚАЗАН	363,07
ҚАРАША	370,05
ЖЕЛТОҚСАН	379,01

ЖАНАРМАЙ (1 ЛИТР/ ТЕҢГЕ)

ҚАҢТАР
↓
АИ-92 → 163


ДИЗЕЛЬ
ОТЫНЫ → 157

МАМЫР
↓
АИ-92 → 158

ДИЗЕЛЬ
ОТЫНЫ → 169

ЖЕЛТОҚСАН
↓
АИ-92 → 154

ДИЗЕЛЬ
ОТЫНЫ → 193



Дұғай сәлем

Алтыннан ардақты, күмістен саламақты, Алатаудың ар жағындағы қадірлі құрбым Ыстықкүл! Әйтеуір, аман-есен екеніңді «уатсап» арқылы біліп отырамыз. Ғаламтордағы әлеуметтік желінің де қызығын көріп жатырмыз. Оған да шүкір. Дегенмен асықпай-аптықпай, қағазға көсілітіп жазғанға не жетсін. Бұрынғылар «өлу жылда өл жаңа» десе, қазір бір жылдың ішінде мың өзгеріс болып жатады емес пе? Алыстағы ағайын-туысқа бір аптаға кетіп, қайтып келсең, отыз жыл тұрған көшенді танымай қаласың әуелі. «Мында темір қоршау бар сияқты еді, қайда көткен» деп шыр айналып жүргенің. 3у-3у өткен уақыт-ай!

Жә, бірді айтып, бірге кетпей, басынан бастап баяндайын. Есінде ме, бұрын да жазып едім ғой «қылышын сүйретіп қыс келе жатыр» деп шулайтындар туралы? Соның жаңғырығы әлі де естіліп қалады. Бірақ оған жұрттын құлағы үйренген. Қазір ешкім камсыз отырмайды. Біз де солай. Өзің білесің, күні-түні тілейтініміз қара сиырдың амандығы. Соның жем-шөбін сайлап, әбігерге түсеміз де жатамыз. Әйтсе де, базардағы сүттің бағасы тұрақты емес. Күн сайын құбылып зәре-құтымызды кетіреді. «Әй, Өпек, құнын түсіре көрме!» деп жалбарындан қолымыз тимейді. Сүттен басқа да саудаға шығаратын темір-терсегіміз, ет-петіміз бар дегендей, күнкөрісіміз жаман емес. Көбінен ілгері, азынан кейін. Айтпақшы, баяғыда өзін көрген бұзау өсті. Әлгі торпақ ше? Сол бүгінде нән сиырға айналды. Оның да сүтін сатып, біраз жырап қалдық.

Тағы бір жақсы жаналықты айтайын. Жыл сайын пішен орағы кезінде шөп таситын арбанын доңғалағына май таппай қалушы едік қой. Соны аңдып тұрғандай бағасы да шарықтап кететін. Арбақештер құрғыр майды түн тұрмақ, күндіздің өзінде шырақ алып іздейтін халге жеткен жоқ па?! Енді сенсең де, сенбесең де өзін біл. Биыл сол азаптан құтылдық. Май шығаратын үш құралымыз бар екені өзіңе мәлім. Маңғаз жандар соларды «өне жанартамыз, міне, жаңғыртамыз» сөзбұйдаға салып келді. Алдабергеннің Қанаты болса білекті сыбанып

кірісіп кетті. Үшеуін де лезде жанартып тастады. Соның аркасында қазір арбамыз зырылдап, арбақеш атаулы жымың-жымың. Тапшылық дегенді ұмыттық. Тіпті бізден артылған майды басқа көршілерге сататын жағдайға жеттік. Сенің үйіңдегілер де ыңғай білдірген сияқты. Одан хабарың бар ма?

Заман көшіне ілеспесен, болмайды! Сол үшін биыл тиын-тебенді «саудалайтын» зәулім сарай салдық. Көрші-қолаң, алыс-жақын ағайын аузын ашып, көзін жұмды. Жастар

жылдың алдында көрпе-төсегін жаңа отауға тасып жүр.

Қыс болған соң, үскірік аязы мен бораны бар, әлбетте. Бірақ отынын мен жем-шөбінді сайлап алсаң, оған да төтеп бересін. Сәуегейлер «сұрапыл дауыл шатырынды ұшырады» деп қорқытады. Есеп-қисапқа жүгінетін ауа райын болжағыштар керісінше, «құн ашық болады» деп жұбатады. Қайсысына сенерінді білмейсін. Бас жұлдызшының «өкпені үсітетін өкпек жел тұрмайды» деп өзеурегені есімнен кетпейді.

СҮТТІ СИЫРЫМЫЗ АМАН БОЛСЫН!



жағы сол дәу үйді ұстап тұру үшін күндіз-түні шапқылап жүр. Бұл да біздің әмиянымызды толтырып, қалтамызды кампайтудың қамы. «Тіпә-тіпә, ұзағынан сүйіндірсін» деп қоямыз.

Жыл өткен сайын әулетіміз үлкейіп, бала-шаға, немере-шөберенің көбейіп жатқанын естіген шығарсың. Үйіміз дағарадай болғанымен, сыймаймыз. Қазіргі жастар да қызық қой. Кеше ғана түскен келіндер «бөлек тұрғымыз келеді» деп әлек салады. Содан үлкендер ақылдасып, бас-басына үй әпереміз деп шештік. Оны «7-20-25» деп атадық. Ол былай. Үй сатып алу үшін қаражат керек. Қалтамыздан суырып бере қоятын артық ақшамыз жоқ. Әрі оңай келген дүниенің қадірі болмайды. Сондықтан жастарға айттық: «Жұмыс істендер, біз сендерге жағдай жасаймыз» деп. «Қашпақ болсаң, зымыра» деп осындайда айтатын шығар. Бұрынырақ кимылдаған пысықтау келін-балалар жаңа

Соған сеніп бейқам отырғанда көктемде аяқ астынан құйын соқты. Артынша «тұмау» бас салды. Кәдімгідей тұралап қалдық. Бұрын-соңды болмаған «тұмауың» мұншалықты қатты болар ма! Әлі күнге ес жия алмағандар бар арамызда. Көбіміздің қалтамызды сол «тұмау» жұқартты! Оның шалығы бізге ғана емес, базардағы азық-түлікке де тиіпті. Сатып алған сайын әлсіреп қаламыз. Қолымыз, аяғымыз дірілдейді.

«Қырсыққанда қымыран іриді» деп, жазда жауын-шашын көп болды. Жалпы соңғы жылдары жауыннан көз ашпай келеміз. Бұл жолы біреу емес, екеу де емес, бақандай үш қораның төбесінен су өтті. Төртіншісінің төбесін дер кезінде жамап-жасқап үлгердік. Ал ана үш қораның қабырғасы опырылып қалғасын, ақырында құлатуға тура келді.

Там салғыш ағайын да шаршаттып жіберді. Бұрын қабырғасын қалқайтқан соң ақша

сұрайтын. Қазір үйтіп-бүйтіп салып бітіреді. Біраз уақыттан соң әлгі үйде тұрып жатқан бала-шағасы ұлардай шулайды. «Тоңдық, өлдік» деп. Әйтсек, қабырғасын қағыздан да жұқа етіп салатын қулыққа көшкен ғой. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деп, осындай ағайын жерге қаратып бітті. Қашанғы кебежедегі түйіншектен тиын-тебен бересін?

Бір тәуірі, ала дорба арқалаған жиендер қуантып жүр. Бұрынғыдай емес, қарны тоқ, көйлегі көк. Артылғанын әкеп береді. Үлкендер де олардың тапқан-таянғанын сыпырып алмайды. «Әй, аз-аздап берсендер де жетеді, өз күндеріңді көрсендер, көңілге сол демеу» деп тоқтатады. Одан артық не керек?

Қазандағы сүтті ұрлайтындарды топырлатып ұстап жатырмыз. Бұрынғыдай бас салмайды. «Ешкім көріп тұрған жоқ па» деп жан-жағына қарайтын болды. Құдай бұйырғанда, енді біраз жылда ұрлап ұрттайтындардан арыламыз.

Жасырып қайтейін, екі қолын қалтасына салып, селтендеп жүргендерге алаңдаймыз. Кейде «екі қолға күрек жетпей қалады». Шамамыз келгенше күрек сатып алып, жұмысқа салуға тырысамыз. Содан ба, жол жөндеуден көз ашпаймыз. Тіпті қар жауып тұрғанда асфальт салып күлкі болған жайымыз бар.

Солай, Ыстықкүл құрбым. Уақыт деген зымырандай зулап барады. Бізге сүттің бағасы түспесе болды. Мал асыраймыз, бау-бақшаны жайнатып қоямыз деп жылда өзімізді жұбатамыз. Еріншекпіз бе, қолымыз жете бермей ме, ұқпадым. Соның кесірінен көп нәрсені сатып алуға мәжбүрміз. Айтудың өзі ұят. Лыпаның өзін жақын көршіміз өзбек ака тұрмақ, қияндағы үнді баладан әкелеміз. «Көйлек-дамбал тігетін қыз-келіншектер өзімізден табылмай ма?!» деп түнілгеннен басқа амал жоқ. Қолы ісмер алыс-жақын

ағайын аман болсын. Әзірге әбүйірімізді жауып жүргеніміз солардың арқасы. Аяқ киімді былай қойғанда, ойыншық, ине-жіп, тіпті түймеге дейін шығыстағы көпбалалы көршіміз жіберіп тұр. Жарайды, саған келесі хатымды жазғанға дейін бұл мәселе де шешілir.

Шіркін-ай, қағазға көсіліпті хат жазғанға не жетсін! «Уатсап» қал-жағдай сұрасқанға жақсы болғанымен, іштегі шерінді тарқатуға жарамайды. Бір сөйлемді теріп біткенше, әрмен қарай не айтқың келгенін ұмытып қаласың.

Үй-штерін аман екенін, жағдайларың біршама жақсарғанын анда-санда «көк жәшіктен» біліп отырамыз. Дегенмен хат жазып тұр.

Талпақ танау жылында сүтті сиырымыз да, өзіміз де аман болайық!

Хатты жазған
Гүлнар АХМЕТОВА

Өрлеу

Нарықтық экономиканың өзі – кәсіпкерлік экономика. Кәсіпкерлікті дамыту – нарықтық дамытудың көпілі. Өркениетті елдердің қай-қайсысын

алсақ та, өздерінің экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешуде кәсіпкерлікке арқа сүйейді. Себебі кәсіпкерлік халықтың жағдайын арттырумен қатар қосымша жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізеді. Кәсіпкерліктің осындай экономикалық және әлеуметтік функциялары оны дамыту мәселесін маңызды мемлекеттік міндеттер қатарына жатқызуға және экономиканы реформалаудың ажырамас бөлігі деп қарастыруға негіз береді.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Кәсіпкерлікті дамыту кез келген деңгейдегі басқаруды жетілдіру үшін қажет. Кәсіпкерлікті дамыту мынадай сұраққа жауап іздеуі керек: «Геосаясаттық өзгерістер іскерлік белсенділікке қандай әсері бар?».

Экономиканың бүгіні мен болашағында «стратегиялық көзқарас болмайынша» ешқандай даму болмайтыны анық.

Кәсіпкерлікті жетілдіру экономиканың тұрақтылығы мен оның бәсекелік сипатын қалыптастыруда басты күштерінің бірі болып табылады. Кәсіпкерлікті дамыту үшін субъектінің белгілі бір дәрежеде еркіндігі мен құқығы, шаруашылық қызметінің бағытын таңдауда еркіндігі, қабылданатын шешімдерге, одан туындайтын нәтижелерге тәуекелдіктің болуы қажет.

Республикада кәсіпкерлікті дамытуға үлкен ден қойылып, бірқатар заңдар мен жарлық, қаулылар қабылданған. Алғашқы құжаттардың бірі болып «Жеке кәсіпкерлікті қорғау мен қолдау туралы» Заңы 1992 жылдың 4 шілдесінде қабылданып, онда кәсіпкерлікті мемлекеттік қорғау және қолдаудың мәні мен мазмұны, басты бағыттары мен мақсаттары айқындалды. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қорғау және қолдау дегеніміз – аталған қызметті орындаудағы құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайды қалыптастыру, мемлекетте жаңа экономикалық құрылымдарды орнату болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметті дамыту мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

- мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті барынша қолдау;
- жеңілдетілген несие беру саясатын жүргізу;
- мақсатты бюджеттік қаржыландыру саясатын жүргізу;
- кәсіпкерлік қызметті тіркеуден өткізу кезіндегі кедергілерді жою;
- тексеруші органдар санын қысқарту;
- заңдардың орындалуын қамтамасыз ету, т.б.

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік – шаруашылық қызметінің маңызды түрі. Оны Адам Смит былай бағалаған болатын: «Кәсіпкер өз мүддесін өзі үшін ұтымдылық жағдайды көздейді, дей тұрғанмен, ол қоғам мүддесіне қызмет етеді». Кәсіпкерлердің экономикамызды дамытуға қосар үлестері зор.

Абзал ӘДІЛОВ,
Алматы қаласы Әділет департаментінің
«Әкімшілік айыппұлды өндіру бөлімі»
филиалының басшысы-аға сот орындаушысы

Жыл жабар

(Басы 1-бетте)

БІРІНШІ СЕРПІН:

ТАРИХҚА ЕНГІЗІЛГЕН ТҮЗЕТУ

Биылғы бастамалардың көш басында Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы тұр. «Кеңістік — барлық нәрсенің, ал уақыт — бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады» деген Елбасы әр елдің тарихын қалыптастырудағы ерекшеліктерін тілге тиек ете отырып, қазақ тарихын жасауға да ерекше мән берді.

«Атқа міну мәдениеті», «Ұлы даладағы ежелгі металлургия», «Аң стилі», «Түркі әлемінің бесігі», «Ұлы Жібек жолы», «Қазақстан — алма мен қызғалдақтың отаны» тақырыптары терең сөз болған мақалада тарихымызға қатысты өзекті мәселелер сөз болады. Айталық жылқының алғаш рет еліміздің солтүстігінде қолға үйретілгені және қымыздың пайда болғанына бес жарым мың жыл болғандығын «Science» журналында ағылшынның Эксетер университетінің Алан Оутрам басқарған көпұлтты археологтар командасы жариялады. Жылқыны біздің дәуірімізге дейінгі 3600 жылдан бастап жартылай көшпелі Ботай мәдениетінің өкілдері қолға үйреткені туралы бір-бірінен тәуелсіз үш түрлі дәлел бар.

Елімізде жүргізілген зерттеулер барысында жер қойнауынан ат әбзелдері мен құралдардағы жылқы бейнелері де бұл деректерді нақтылай түседі. Осы секілді ойсаларлық оқиғалар тарихымызды тереңдетіп, халқымыздың ежелден өркениеттен қалыс қалмағанын айғақтайды.



ЕКІНШІ СЕРПІН:

ҚАЗАҚСТАН ҚАЙРАТЫН КӨРСЕТТІ

Биыл Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалық ету — Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты оқиға болды. Осының аясында кеңес беру, баспасөз мәслихаты, пікірталастар түрінде 30 шақты отырыс өтті. Нәтижесінде резолюция қабылданып, бұқаралық ақпарат құралдары үшін кең ауқымды кездесу ұйымдастырылды. Әсіресе Ауғанстанмен аймақтық әріптестік құру жөнінде министрлер деңгейіндегі пікірталас пен Орталық Азияда қауіпсіздік және даму тәуелділігінің моделі, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі делегациясының Кабулға сапары секілді шаралар жоғары деңгейде өтті және маңыздылығымен ерекшеленді. Бұл туралы уақытында Jas qazaq ұлттық апталығы жан-жақты жазды.

ЖЫЛ ЖӘНЕ ЖАҢАЛЫҚ



АЛТЫНШЫ СЕРПІН:

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ

Айрықша жағымды жаңалықтың бірі де бірегейі — Түркістан облысының құрылуы. Бұл аумак қазақ хандығының киелі

жері, әулие-әмбиелердің, руханият ордасы. Аймақ басшысы Жансейіт Түймебаевтың айтуынша, қазір Түркістан қаласының әкімшілік-іскерлік орталығында бой көтерген 26 тұрғын үйдің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Жаңа әкімшілік-іскерлік орталықта мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқылы 280 орындық жаңа балабақша халық игілігіне тапсырылды. Сондай-ақ 900 орындық мектептің есігін жаңа оқу жылына дейін ашу жоспарланған.

Қазір жаңа әкімшілік ғимараты, басқармалар және департамент үйлері, сондай-ақ бес жұлдызды «Риксос» қонақүйінің құрылысы басталып кетті. Биыл Түркістан қаласында 20 мың үй газбен қамтамасыз етіліп, қамту деңгейі 58 пайызға жетеді. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің маңында 98 гектар жерге рухани және мәдени орталық салынады. Енді бірер жылда Түркістанның түлегені соншалықты, туристер тоқтаусыз келетін шырайлы шаһар болмақ.



Оқшау ой

Жыл аяғына қарай жоғары жақта да, төмен жақта да орден-сыйлық жауатын үрдіс қалыптасты. Былтыр да, биыл да, жылда қайталанарды. Әнші-құйші, өртіс сияқты өнер жұлдыздары екі күннің бірінде Астанаға барып, кеудесін жарқыратып төсбелгі тағып жатады. Тіпті осы сыйлық үшін қырғиқабақ болып жататындар да бар. «Анаған не үшін берілді, мен неге алмаймын?» дегендер жоқ жерден бөле іздеп жатады. Қайсыбір жылы егіз қозыдай қос дауыспен ән айтып жүрген әншілердің бірі өзіне салпыншақ берілмегені үшін досынан бас тартты. Содан араларынан қара мысық өтті.

Бұл әңгімені неге қозғап отырмыз? Енді соған тоқталайық.

Әлеуметтік желіде Базарбек Қамысбаев деген қолданушы «Құрметті азаматтың» құны — 1 миллион 250 мың теңге екенін жазыпты. Ол мұның ешқандай мемлекет тарапынан көрсетілетін құрметке жатпайтындығын айтқан. Автор «Құрметті азамат» деген орденді «Қоғамдық марапаттар мен атақтар жөніндегі комитет» ЖШС береді», — деді. Базарбек Қамысбаевтың айтуынша, марапаттау рәсімі бес жұлдызды қонақүйде өтеді. Әуежайдан арнайы күтіп алу ұйымдастырылады. Құрмет көрсетеді. Ол үшін көрсетілген ақшасын төлесеніз болды.

Айтпақшы, биыл «Құрметті азаматты» өнерде жүрген, қазақ эстрадасының бірнеше әншісі кеудесіне тағып, жарқыратып тұрып әлеуметтік желіге салды. Жұрт мақтау айтып, құттықтап жатыр. Осы мәселені көтерген автор бұл атактың мемлекеттік марапаттар қатарына жатпайтындығын, сондықтан құзырлы органдар мұны неге тексермейтінін айтады. «Құрметті

«СӨЛКЕБАЙ» САУДАСЫ



азамат» деген атаудың «бизнеске» айналып кеткеніне налыған. Тіпті той-томалақта да орден таратылатын даракы әдет пайда болды. «Мың жылдық құла», «Асыл әке», «Ардақты ана» деген төсбелгі тағып, соны әлдеқандай атак көріп, бірін-бірі құттықтап жататындарын қайтесіз!

Шымкентте бұрын республикалық телеарнада, бір-екі газет-журналда қызмет еткен таныс жігіт бар еді. Біз бір басылымда қатар жұмыс істедік. Баспасөзде жұмыс істеген, азды-көпті тәжірибесі бар. Сол әріптесім жаздың соңғы айларында аяқ астынан хабарласты.

— Жәке, қалыңыз қалай? Қолыңыз бос болса кездесейік. Мен Алматыға келіп едім, — деді. Жұмыс соңына қарай жолығатын болып келістік. Кешке қарай тағы да өзі бірінші болып қонырау шалды. Бір кафеде күтіп отыр екен. Басында біраз тосырқап отырдым. Бірақ анау көрген жерден әңгіменің тиегін ағытты. Ұзын сөздің қысқасы, жеке газет ашыпты. Мұғалімдерге арналған апталық басылым. Әңгімесіне қарағанда оңтүстіктегі үш облысқа таралатын көрінеді.

— Түркістан облысы, Жамбыл мен Қызылорда облысының ұстаздар қауымы апта сайын менің газетімді күтіп отырады — деп, жолдорбасынан бір бума газет шығарды. Басынан аяғына дейін қарап шықтым. Мен не дейді екен дегендей, сөзімді күтіп, аузыма қарап отыр.

— Дизайны жақсы екен, — дедім газеттің соңғы бетін жауып жатып. Ішіндегі өріп жүрген шолмақ сөйлем, әріп кателеріне тоқталғым келмеді. Өзі қонақ кылып, жабысып-жалпылдап отырған соң, артық сын айтуға аузым бармады. Менің үндемегенімді көңілімнен шықты деп ойлады-ау деймін, екі сөзі көпіріп мақтануға көшті. Оның бұрын мұндай көпірме екенін білмеппін. Үндемей тыңдауға тура келді.

— Құдайға шүкір, газет аяғынан тік тұрды. Алматыға басқа жұмыспен келдім, — деп бетіме қарады. Сөзін зейін қойып тыңдап отырғанымды білдіріп басымды изедім. — Төсбелгі жасатпақшымын. «Ұлт ұстазы» деп аталады. Ең мықты мұғалімдерге ғана беремін. Ол анау-мынау орден емес — деп сөзінің сонын түйіп-түйіп айтты.

— Өте жақсы идея екен. Бірақ ондай орден бұрын болмады ма? Білім министрлігімен келісіп жасап жатырсың ба? — деп сұрадым.

— Бұл газеттің атынан берілетін төсбелгі. Сондықтан, бұл жеке орден болып есептелмейді. Қорықпа, заңға томпақ түгі жоқ, — деп, тағы да екі бүйірі тырысып тұрған жолдорбасынан сырты жылтыраған ауа түстес көк қобдишаны жұлып алды. Көздің жауын алатындай әдемі. Алдыма қарай сырғытты. Аштым. Ішінде күмістей әппак, дөп-дөңгелек салпыншақ тұр.

— Қалай екен? — деп бетіме қарады. — Өте әдемі екен. Апамның осындай сөлкебайлары болушы еді, — дедім. Байқаусызда аузымнан шығып кетті. Анау бағалы затын сөлкебайға тенегеніме не күлерін, не ашуланарын білмей: — Қымбат емес, — деп сыбырлап. — Сатыла ма? — деп, мен де сыбырладым. — 40-ақ мың теңге. Мұғалімдердің категориясын көтеруге өте керекті дүние! — деді, сөзіндегі көбігін жеңімен сүртіп. — Сонда осы төсбелгіңізді сатып алған мұғалімнің категориясы көтеріліп кете ме? Одан не пайда? — деп жатырмын, сауданың құпиясын білгім келіп. — Категория көтерілсе, айлығы өседі. Соны білмейсін бе? — деп жүзіме тесілді. Иығымды көтердім...

Міне, содан бері бірнеше ай өтті. Әлгі «сөлкебай» сатқан әріптесімнен хабар жоқ. Бірақ қанша мұғалімге бір газеттің атынан жасалған орден тағып, қалтасын қаппайтып жүргенін бір құдай білсін?!

Орден демекші, белгілі жазушы Герольд Бельгер көзі тірісінде біздің газетке берген бір сұхбатында «Көп жылдан бері бір қазақ үлкен орден алғысы келеді екен. Сол бір баласының атын ырымдап «Ордендай» деп қойыпты. Есіл-дерті орден болып тұр ғой» деп еді. Бүгінгі әңгіменің түіні Гер-аған айтқан сол орденнің тартысы болып тұр.

Жарас КЕМЕЛЖАН

«АСТАНА» ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Астана күні қарсаңында Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Астана» халықаралық қаржы орталығы ашылды. Биржада алғашқы сауда арада төрт ай өткенде ұйымдастырылғанымен, бұл шара жұртшылық тарапынан қызығушылық тудырды. Мәселен, «Қазатөмөнеркәсібі» ұлттық компаниясы екі саудада Елордаға 900 миллион теңге тартты. Ал келер жылы «Қазактелеком», «Эйр Астана» секілді компаниялар акцияларын саудаға салмақшы.

ҮШІНШІ СЕРПІН:

ТӨРТІНШІ СЕРПІН:

ДИПЛОМАТИЯДАҒЫ ЖЕТІСТІК

Ақтау қаласында Каспий жағалауын мекендеген мемлекеттердің президенттері теңіздің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойды. Қазақстан, Ресей, Иран, Әзірбайжан және Түркіменстан



басшылары 20 жыл талқыға түскен тарихи құжатты ақыры қабылдады. Енді әр ел өз аумағында мұнай өндіру мен балық аулауды бекітілген шекара аумағында іске асырады. Каспийдің геосаяси және экономикалық маңызы зор. Мұнда көптеген әлемдік және өңірлік державалардың мүдделері тоғысады. Ақтауда қабылданған конвенцияда ресурстарды пайдалануға қатысты

елдердің құқықтары мен міндеттемелері айқатқалған. Сарапшылардың айтуынша, теңіздің құқықтық мәртебесінің айқындалуы жағалаудағы барлық мемлекеттердің экономикаларының дамуына тың серпін береді. Құжаттың қабылдануы — дипломатиядағы үлкен жетістік.

ЖЕТІНШІ СЕРПІН:

ЛАТЫН ӘЛІПБИІМЕН ҚАУЫШУ

Биыл ақпан айында Елбасы Н.Назарбаев «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлыққа өзгерту енгізді. Осылайша тәуелсіздік алғаннан бері латын әліпбиіне көшуге қатысты мәселеге нүкте қойылды.

Қазақ тіл білімі тарихында 1929 жылы қазақ жазуы ресми түрде латын әліпбиіне көшкен. 1929-1940 жыл аралығында да латын әліпбиі қолданыста болған. Сондықтан ел-жұрт Елбасының латын әліпбиіне көшу саясатын қызу қолдап отыр.

Латын графикасына көшірілген қазақ тілі әліпбиі					
№	Жазылуы	Дыбысталыуы	№	Жазылуы	Дыбысталыуы
1	A a	[a]	17	N n	[n]
2	Ä ä	[ä]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	Ö ö	[ö]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[q]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[ɣ]	23	S s	[s]
8	Ğ ğ	[ɣ]	24	T t	[t]
9	H h	[x], [h]	25	U u	[y]
10	I i	[i]	26	Ū ū	[y]
11	İ i	[ɨ], [u]	27	V v	[v]
12	J j	[ʁ]	28	Y y	[ɯ]
13	K k	[k]	29	Ÿ ŷ	[y]
14	L l	[l]	30	Z z	[z]
15	M m	[m]	31	Sh sh	[ʃ]
16	N n	[ŋ]	32	Ch ch	[tʃ]

СЕГІЗІНШІ СЕРПІН:

ҚАҢДАСТАРЫМЫЗ ЕЛГЕ ОРАЛАДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында Қытайда тұратын екі мың қандасмыз Қытайдан шығуға рұқсат алды. Сыртқы істер министрлігінің мәлімдеуінше, Қытай тарапы өз елінің азаматтығынан шығу тәртібін жеңілдеткен. Мысалы, биылғы тоғыз айда 2,5 мың қазақ сол елдің азаматтығынан шығу құжатын рәсімдеген.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Жалпы, айтылар әңгіме көп. Бүгін соның бір парасын ғана қағазға хаттадық. Алдағы жылы айтарымыз, тек жақсылықтардан, сүйінші сұрайтын оқиғалардан, жағымды жаңалықтардан тұрсын делік. Жаңа жылды Jas qazaqpen бірге қарсы алып, бірге болуға бел буған ойлы оқырманға, ұлттық басылымды қолдауға құштар жандарға тек сәттілік тілейміз!

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

ТОҒЫЗЫНШЫ СЕРПІН:

ЖАСТАРҒА СЕНІМ АРТЫЛДЫ

Елбасы Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында 2019 жылды — «Жастар жылы» деп жариялады.

Президент еліміздің келешек азаматтары туралы: «Келесі жылды жастар жылы деп жариялап, іс-шаралар өткізу керек, оған біздің тәжірибеміз бар. Жастарымызды, Қазақстанның болашағын әр салада қолдауымыз керек», — дей келе, жас буынға қамқорлық жасауды баға көрсетті.





E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ÖLKE

Еңбек адамы

Қыламықтап қар ұшқындап тұр. Бет шымшитын аяз ғана бар. Ақ көрпесін айқара жамылып, үнсіз мүлгіген даланың талмаусырап жатқан тыныштығын арагідік мөңіреген мал дауысы ғана бұзады. Спиридоновка селосынан қозықөш жердегі «Армавир» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал шаруашылығы көшенінің маңында тұрмыз. Малшылардың қалам-қағазын оңтайлап, тоңып келсе де тілдесе кетуге дайын тұрған бізге мойын бұруға шамасы жоқ. Бәрі тайлы-тұяғымен жұмылып, мал жайлаудың қамымен жүр.



қашарларды өзімізге қалдырамыз мал басын көбейту үшін.
Мал дәрігерінің айтуына қарағанда, мұхит асып келген мал кірпияз, жас балаша өбектеп

дәл бұрынғыдай мал бағудың жөні жоқ. Ата дәстүрді жаңғыртып мал тұқымын сұрыптап асылдандыру ісін асыға қолға алмасак, ісінде береке болмайды. Алдымен тұқымы. Бұлардың бағымындағы мал ангус тұқымы екен. Өсімталдығы керемет. Екі жасар кезінде

емес, ішкі мүшелерінің айналасына, бұлшық еттерінің арасына жиналады. Әрі сіңірі аз. Малдың бойына толысып ет жинауы ең алдымен бағымына байланысты. Үйреншікті сабан мен шөп жетімсіз. Негізі, төл аяқтанған соң 18 айдан соң 400 келі тірідей салмақ тартып етке өткізуге тиісті. Әйтпесе, одан артық бақсаң, жем-шөбің босқа шығын.

Қазір ел ішінде мемлекет қамқорлығымен мал тұқымын тегіс асылдандыруға бетбұрыс жасалуда. Әйтсе де жетімсіз. Жергілікті тұқым мен сіңіре будандастырылғанда 4-ұрпағы ғана толық асылдандырылып шықпақ. Ал онсыз малдан мол өнім алу құрғақ қиял. Мәселен, жергілікті тұқымды екі жыл бақсаңыз, тірідей салмағы 200 еліге өрен жетеді. Өйткені, мал азығы сай емес. Бұдан шығатын төте жол — мал бордақылау алаңдарын ашу. Мал жайын баққан біледі ғой. Қанаш пен Бейбіт тәрізді малшылар өз бағымындағы малдың ғана емес, жалпақ жұрт күнелтіп отырған төрт түліктің жайын ойлайды. Біз соған қуандық. Олардың айтуына қарағанда, мал өрісін жаналап отырудың да мәні зор. Ауру малды өрістен аластау індет жайылмауға сеп.

Қоштасарда тағы бір көкейлерінде жүрген ойларын айтқан. Малшы еңбегін бағалау, олардың озық тәжірибелерін насихаттау әлдеқашан ұмыт болған. Аудан, облыс

тірідей салмағы 350-400 келіге еркін жетеді. Ал, 2,5 жасында 400-450 келіге барып қалады. Еті өте дәмді әрі бағалы. Бірақ аналығын сатып алу тым қымбат. Жерсінуі қиын. Ал

МАЛ ЖАЙЫН БАҚҚАН БІЛЕР

Мал демекші, аумағы атшаптырым кең албардың ішіндегі өңкей асыл тұқымды, әсірелеп айтқанда, таудай-таудай жануарлар. Өздері сондай маңғаз. Шылбыр жетер жерге дейін таяп келсен де, жөншеңді кісінің құшағы жетпес жуан мойнын бұрып «не қылып жүрген жансыздар» деп қарамайды да. Аяқтары қысқа, есесіне, бұлшық еттері бұлт-бұлт етеді. Шоктығы биік екен. Ақ сұрқы біздің көзіміз үйренген жергілікті тұқымнан әлдеқайда ірі. Осы қалпында тірідей салмағы 400-450 келі өбден болатын шығар.

Мал қораның маңында мал дәрігері Бекболат Әділхановты кездестірдік.

— Бағар көбейсін, — дедік ежелгі ата салтымен.

— Әумин, айтқандарың келсін, — деді шаруасының алға басқанына көңілі тоғайып тұрған мал дәрігері.

— Бір өңкей асыл тұқым-ау, — дейміз біз шаруа жайын білгіміз келіп.

— Иә, осыдан жеті жыл бұрын инвесторлар Америкадан әкелген, — деді ол, — өз төлі есебінен басын көбейтіп жатырмыз. Әуел баста көк теңіздің арғы жағынан жеткен 300 бас еді. Қазір 800 бастың үстінде. 2 мың бастан астам өгізшені етке тапсырдық. Іріктеп, таңдап,

күтпесен, жантайып жатып қалуы өбден мүмкін. Бұзауын, тайынша-танасын, өгізшелерді бөлектеп бағамыз. Өне бойы қораға қамап қоюға да болмайды. Бір уақыт таза ауада сергітіп, бой жаздырып, құрыстырыс жазып, уақытылы ем-домын жасап тұру қажет. Ол үшін өз ісіне берілген, малды жақсы көретін адам болу керек. Бізде сондай малшылар бар. Мәселен, Виктор Беляков, Сергей Перескоков, Александр Лаврушин. Ата кәсібін онынан жалғастырып жүрген Қанаш Есенов пен Бейбіт Ырсаев.

Қанашты қалады көңіл. Сонымен тілдестік. Алғашында шідерлі аттай еркін көсілмеген елгезек жігіт аз-кем тілдескен соң бүкпесіз ақтарылып сала берді.

— Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мал атаулы тып-типыл болғанын өздеріңіз білесіздер, — дейді малсақ жігіт, — мал тұқымы қатты азып кетті. Ортақ мал таусылып біткен. Жекенің қолында ғана қалды ғой. Жекеменшікте азынатып айғыр, бұлқынып бұқа ұстаған тиімсіз.

Мал жайлы мағлұматты молынан жинаған Қанаштың айтуына қарағанда,



ақбас сиырға, казактын төл малына жетері жоқ қой. Дала жағдайына өбден бейімделген. Жеті атасынан бері осы далада еркін өсіп келе жатқандықтан, ауа райы қанша қатал болса да суықтан ықпайды, шөлге төзімді. Әншейінде атан түйені алып жығатын Арқаның ақ бораны, ту десен түкірігін жерге мұз болып түсетін сақылдаған сары аязы бұйым емес. Мал жайын жетік білетін малшының айтуына қарағанда, ақбас сиырдың өнімі мол. Тез жетілгіш майы жергілікті азған тұқымдай

орталықтарында оза шапқан малшы арнайы құрмет тақтасында мандайы жарқырап тұрса. Шаруадан қол үзіп қалған, қара жұмыстан қарадай зәресі кетіп қорқатын «қарағымдарға» үлгі-өнеге болар еді.

Сүт пісірім сырласқанда даланың сұңғыла ұлдарынан қаншама сыр ұқтық. Мал жайын ойлау ел жайын ойлауы ғой деп сүйсіндік.

Бөйкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Жел қанат жылқы ішсең сусын, мінсең көлік. Жылқы малы қашаннан қазақтың ұлттық сана-сезім, рухани болмыс-бітімін, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, мәдениет пен өнерінің тұтас бөлігіне айналып кеткен. Қазақтың сүйген жарынан көйінгі жақсы көретін жан серігі — қасиеті қанына сіңген жануар. Қазақ баласының Қамбар ата түлігін төресіндей көретіні сондай, қазақ жылқы мінезді деп, өзінің мінез-құлық, бітім-болмыс, жандүниесінің айқындаушысына айналдырып алған. Демек, қазақ үшін жылқы — тектіліктің бірден-бір нышаны. Осы құндылықты өміріне шырақ, тіршілігіне арқау өткен азаматтар арамызда көп. Сол мүмкіндікті пайдаланып, атакәсіпті жалғастырып отырғандардың бірі — Талдықорған қаласының Көктал ауылының тұрғыны Еркін Қазыбаев.

Қазақта «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген нақыл бар. Еркін Әукенұлы да әкесінің шаруасын шалқытқан, шешеден ата-баба құндылығын санасына кұйып өскен азамат. Жетпіске жетіп қалған Нәукен аға да көргенді елдің перзенті еді. Әкесі Нүсіп Қасымбай мен шешесі Жанар Нұрғазықызы мыңғырған байлығы болмаса да, қонаққа ұсынар шайлығы бар, қысы-жазы бие байлап, қымыз сапырмаса таңдайы жібімейтін адам болған. Сол көргенділік Әукен ағаның бойына бала кезінен ұялады. Әукен 2008 жылы зейнетке шыққаннан кейін бірден жылқы баптап, қымыз ашытып, әке-шешеден қалған өнегені ұрпақтарына үлгі етуге бел буады. Оның бағына ұлы Еркін де малдың жайын білетін, әке-шешенің қиындығына иіліп тұратын азамат болып ержетеді. «Балапан уяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ұстаздар отбасынан шыққан Еркін университетті бітіргеннен кейін алғашқы еңбек жолын мұғалімдіктен бастайды. Он жылға жуық уақытында бала оқытып, оларға тәлімі мол тәрбие берді. Бірақ кішкентайынан әкесі қолда өсірген жылқылармен жағаласып өскендіктен қолы босай қалғанда атакәсіптің тізгінін ұстап, тілін табуды ойлайды.

Еркін Нәукенұлы: «Ұстаздар отбасынан шыққаннан кейін әке-шешенің жолын жалғастыру бұлжымас қағида сияқты сезілетін. Бірақ бала күннен жылқы баптап, тазы жүгіртуге құмар болып өскендіктен, армандаған ісіммен айналысқым келді. Ол кезде қолымызда қаржы тапшы, кәсіптену дегеннен де тәжірибеміз аз еді. Соған қарамастан, ішімдегі атакәсіпке деген бұлқыныс ақыры мені өз дегеніме көндірді. Мұғалімдікпен қоса, жылқы баптаудың қыр-сырын үйренгім келетінін басында әкеме айта алмай жүрдім. Алайда менің ансарым жылқы бағып, қымыз ұстауға ауып жүргенін өкем де сезген екен. Бір күні шақырып алып, осы жайлы сұрады. Ішіме бүккен жоспарымды бүге-шігесіне дейін қалдырмай айттым. Әкем қолдады, — дейді әңгіме арасында.

Бала арманы әкесінен қолдау тапқаннан кейін қолда бар қаржысымен екі бие сатып алып, оны баптап, бағумен айналыса бастайды. Бірақ уақыт өте келе, жем-шөбін толықтап берумен жылқы өспейтінін, сүтін сауғанмен

басып, қан тамырды қордаланған зиянды қалдықтардан тазарталды. Іш қатудың алдын алады. Ашығудан кейін қымыз ішу буын ауруларына өте пайдалы. Бүйрек пен бауырды қанықтырады, қан тамырларын тазалайды.


Е.Қазыбаев: «Біз қымызды арша ағашынан ойып жасаған күбіде баптаймыз. Бұл күбіні Шымкенттен арнайы тапсырыспен алдырып едім. Әсілінде арша ағашы әрқандай ортада микробты өлтіріп, заттың тазалығын сақтайды.

АТА КӘСІПКЕ АДАЛДЫҚ

ол өздігінен қымызға айналып, таңдай жібітпейтінін сезінді. Содан кейін жылқы түлігін күтіп-баптаудың жолдарын қарастырып, іздене бастайды.
Арудан асқан жар бар ма, Жылқыдан асқан мал бар ма? Биенің сүті сары бал, Қымыздан асқан дәм бар ма? — деп Ақтамберді жырау жырлағандай, қымыздан асқан дәм де, ас та, сусын да жоқ. Бірақ қымызды тек қымыз сияқты баптай алған адам ғана ұстайды. Сондықтан халқымыздың «Жылқының перісі болса, қымыздың киесі бар», — дейтіні шындық. Еркін өзі де көзі ашық жігіт



болғаннан кейін жылқы сүтінің қасиеті туралы зерттеушілердің еңбегін ақтара бастайды. Сөйтіп жүріп, қымыздың емдік қасиеттері туралы да үлкен танымға келеді. Жылқышы жігіт: «Қымыздың емдік қасиеті көп. Ол денені қуаттандырады. Құрт ауруының алдын алып, ауырған адамның қайта қалпына келуіне жақсы ықпал етеді. Саумалды ем ретінде буын ауруына ішсе, тіпті пайдалы. Салданудың алдын алады. Жаңа босаған келіншектің сүтін молайтып, нәрлі етеді. Ашыған қымыз шөлді



Буын

аурулары мен сүйектің қақсауын, жүйкенің жұқаруын, бас айналуын, созылмалы сары ауру (гепатит), ұйқысыздық, ішектегі жара (гастрит) сияқты аурулардың алдын алады немесе жеңілдетеді. Қымыз адамның физикалық жағдайын жақсарталды, тәбетін ашады, ас қорытуды жақсарталды. Оның құрамында 28 түрлі микроэлемент, көптеген дәрумен бар», — деп қымыздың қасиетін тізіп берді.

Әрине, қымыздың құрамындағы емдік қасиеті мол элементтер бие құнарлы жерге жайылған сайын арта түсетіні бар. Мұның құпиясын сезген еңбеккер жігіт танертең ерте тұрып, Талдықорғанның іргесіндегі Көктал ауылының Талды көшесіндегі үйден өріске шыққан жылқыны Ескелді ауданына қарасты Қоңыр ауылына дейінгі аралыққа жайып қайтады. Көбінесе жылқыны даланың мал аяғы тимеген изен, жусанды аумаққа қарай жады. Үйге оралған соң арпа, бидай, ұн, тұз, тағы да басқа қымызды құнарландыратын жем-шөпті үзбейді. Осындай күтімге алынған биелердің саумалы мен қымыз бал татып тұрады. Оның ағзаға пайдалы жағы одан да көп екендігі анық.

Еркіннің қымыз баптауының да отбасылық құпиясы бар.

Олар аршадан жасалған күбіге заманауи технологияны пайдаланып, электронды піспек орнатып қойыпты. Кеш батқаннан таң атқанша электр желісіне қосылған піспек жай, қымызды бірқалыпты пісіп, бабында ашытуға сеп болады. Осы тұста арша ағашынан жасалған күбіні тек біз пайдаланатынымызды айта кеткен жөн. Көршілеріміз көбіне пластмасса ыдыстарға қымыз ашытатындықтан, оның иісі шығып кететіні белгілі. Ескеретін бір нәрсе — күбіні жиі ыстап отыру керек. Ысталған күбіде ашытылған қымыз әрі дәмді, әрі ұзақ уақыт сақталады», — деп түсіндірді.

Бүгінде бұл шаруаның басы-қасында Еркінмен бірге оның бауырлары жүр. Бірі жылқы бағады, бірі бие сауады, енді бірі жем-шөбін дайындайды. Күн сайын биелердің күтімін қарап, емдеп отыратын мал дәрігері де бар. Онсыз болмайды. Өйткені, биенің дені сау, түрлі дерт-дербезден аулақ болғанда ғана сапалы да құнарлы қымыз алуға болады.

Ауылдың мал дәрігері Өмірұзақ Әбішев: «Бұрын Қызылағаш жылқы зауытында 30 жыл мал дәрігері болып жұмыс істедім. Кейін қалаға көшіп келіп, Еркін бауырыммен танысып, бүгінде оның бие шаруашылығын өркендетуге көмектесіп жүрмін. Жасыратыны жоқ, жылқы түлігінде 510 түрлі ауру болады. Бірақ тілсіз жануар оны айта алмайды. Қашанда жылқының ішкен-жегені оның сүтіне тікелей әсер ететінін ескерсек, жылқы ауруынан уақытында сезіп, емдеп отырғанда ғана сақтануға болады», — деді.

Осы күні қымыз ашытып, құлшынып жүргендер көп. Бірақ оның бәрі елдің алғысына бөлене қойды дегеннен аулақпыз. Қымыз іштік деп қымыран жұтып, езілген қатықтың дәмін татып жататынымыз жасырын емес. Осындай адам санасын қым-қуыт құлық жайлаған кезде атакәсіпке деген адалдықты ту етіп, оны жалғастыруға ниеттеніп жүрген Еркіндей азаматтың ісіне алғыстан басқа айтармыз жоқ. Біраз жылдан бері жылқы өсіріп, бие баптаудың сан түрлі құпиясын терен меңгерген Еркін енді оны дамытып, отбасылық кәсіпке айналдыруды көздеп жүр.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



Теңіз тамағына төніп отырған үш үй еді. Иелері — тоқтасқан үш әйел. Бала біткен қалаға қашып құтылған. Малы түскір далаға қашып... Мал дегенде бар-жоғы он сиыр мен уақ жандық. Түс ауа есік көзіне самаурын көтеріп, алақандай ақ орамалын төбесінен тастамайтын Айман шықты. Артынша жалақ ернін бір жалап алып сөз бастайтын Қарғаш, сонынан қыли көзі ылғи қиғаш тартып тұратын Бибі көрінді.

— Әлгі аусыл тигірлер әлі жоқ па? — деді Айман даусын құбылтып.

— Шаяк келгір! — деді қысқа қайырып Қарғаш. — Бұзауға да қайырылуды қойды.

— Қасқыр тартқыр! — деп оны Бибі қостады. — Осылар-ақ күнімізден бұрын қартайтты.

Жалын жұтқан пештей көленкенің өзі күйрық бастырар емес. Қыртиған қырат пен кең жазықта үзіліп, кері жалғанып сағым жүр. Қорадан жінішке дауыс салып бұзау мөңіреді. Үй төбесіне мына аптап миын қайнатып тастаған қара қарға қонды. Көңіліздеу қарқ ете түскен.

— Ақ шақыр, пенсиямыз келер, — деп Айман онысын жақсылыққа жорыды.

Қарғаш қолына балта алып, ағаш уақтады. Бибі керосин әкеп, шырпы тұтатты. Кішкене тұрбадан түтін ағып, ертеннен бері жер тістеп жүрмей қойған уақытты жылжытты.

— Қалғып кеткен екем. Түс көрдім, — деді Бибі аузын баққан қос құрбысына қарап. — Баяғы қыз кезіміз екен...

— Содан басқаны көрмей-ақ қойдың-ау.

— Сағыныш шығар... Ол кезде қандай едік, шіркін?!

Иә, қандай еді? Үшеуі де толған айдай толықсып тұрған қыз еді. Мектеп бітірер жылы комсомол-жастар бригадасы құрылып, ұран көтерілген. Уәкіл қаптады. Әдемі сөз әуеледі:

— Еліміздің жас қайраты — сендерсіңдер. Ресейліктер Байкал — Амур магистралін салуға аттанды. Біз сендерді аызға үсіп қалмасын деп аяп, ауылға қалдырғалы отырмыз. Ер балалар екі жыл сиыр бағады. Қыздар сүт бұлағын ағызады. Абырой-атақ та, орден-медаль да сендердікі. Ал сосын жоғары оқу орнына түсеміз десендер, кез келгенінің өздеріне есігі ашық. Құрақ ұшып қарсы алады. Тіпті өзіміз жетектеп алып барамыз. Партияның тапсырмасы сондай!

Мына сөзге елпілдеп тұрған қай жеткіншек шыдас берсін? Бәрі бас шұлғыған. Ата кәсіп, қолымызға құрық аламыз дескен.

Әнші болам дейтін Айман:

— Үәде бересіздер ғой?... — деген ұяла тіл қатып.

— Неге, қалкам?

— Оқуға апаруға.

— Береміз.

Болашақ ұстаздықты арман еткен Қарғаш:

— Түсіресіздер ғой?... — деген бетіне қызыл теуіп.

— Түсіреміз.

— Жарайды, сауыншы болайын. Сосын тігіншілік оқуға кірем, — деді Бибі.

— Кіресін. Арман — алда, сендер жолдасыңдар. Тайсалмай тура тартыңдар!

Бақташы болған балаларды біртіндеп әскер қатарына алып кетті. Жырта қарыс емшек тартып бармағынан бал ағызған қыздар...

— Кешеден бері жоқ. Қарауыл қамап тастаған шығар, — деді Айман. — Он сиыр бар шабындықты отап кетеді деп жүр ғой, жазған.

— Осы шолақтан-ақ көрдік көресіні.

— Шайға қанып ап іздеп шығайық. Осыдан қамағаны рас болса, әй, бөлем!..

Үәде берген уәкілдің бірі өсіп, бірі өшіп кеткен. Сиырдың емшегін сипап қалған бұлар не істесін? Алдымен Айман байға қашты. Қашты деген аты ғана. Көрші отырған трактористің үйіне қора айналып келіп кіре қойған.

Қарғаш қыз вдововз айдайтын жігіттің кабинасында кетті. Ал Бибі ауылға бейтаныс еркек беттесе болды: «Ойбай, мені алып қашайын деп жүрген сияқты...» — деп армандаумен кәрі қыз атанған...

— Бар пәле Әлидің қатынында, — деді Айман жоқ сиырлардың соңынан жолға шықсымен екі құрбысына. — Жатса төсекке сыймайтын бөксесін көтере алмай жүріп. Сорлы...

— Уәсила бар ғой... байы қарауыл болғалы көзінің еті өсіпті. Өткен жолғы тойда жібек көйлекті киіп ап... Мені көрдің бе дегендей көлбөндеп алдымнан олай бір өтіп, былай бір өтіп... Қанымды бар ғой қайнатты!

— Жұрттың көзінше «Осы сендердің қанша сиырларын бар?» деп шүкшіғанын айтсаңшы!

— Қызғанады да.

— Шолақ байын ба?

— Сиырды да!

— Сол тойда Әлиді сен де қатырдың. «Жалғыз қолмен жасаған батан қайсымызға жетер екен?» деп. Қыбым мұндай қанбас.

— Енді қайтейін...

Жас кезде бойға біткен ұшпа-қонбалық есейгенде де қалмайтын көрінеді. Күзге салым қонақ шақырып Әли семіз серкесін сойған. Аяғын байлап, пышағын қайракқа жанып-жанып тамақтан бір тартып жібергенде сол қолының бас бармағы аңдаусыз әлгінің аузына ілініпті. Азу тіске түсіпті. Малға да жан керек. Тыпырлап жатып шайнап тастапты.

Серке мен Әлидің бақырған даусы қатар шықты. «Қапелімде қайсысы қайсысын сойып жатқанын білмей қалдық», — деп көрші-көлем әлі күнге күліседі дейді. Қағына тиген де, бас бармақтың ауруы асқынып, ақыры қарынан кестіріп тынған. Ел-жұртқа Әли-шолақ атанған.

— Кешегі кеңшар қандай еді?! — деді өткен күннің сағынышы мендеген Қарғаш жалақ ернін бір жалап қойып. — Мыңғырған мал, кең жайлау, арқа-жарқа жұрт...

— Жерді жекешелендіргенді кім көрген? Сатып алдым дейді. Осы жердің әлгі қожасын айтам. Саудаға түспеген бірдеңеміз қалды ма

Рахымжан ОТАРБАЕВ:

БІЗДІҢ АУЫЛДЫҢ АМАЗОНКАЛАРЫ (Әңгіме)



өзі? Бізді де сыртымыздан біреулер пұлдап жіберген жоқ па өзі?

Мына сөз Айманның зығырданын қайнатты.

— Сатып алғышын! Малды сонда қара тақырға жаямыз ба? Жайылымның бәрі солардікі. Жал-жаяның бәрі солардікі. Етін жеп, сүйегін бізге лақтырып... Осыдан әлгі қарауыл сиырларды қамап тастасын, ат үстінен жұлып алып атаукересін ішкізейін!

Айтса айтқандай, екі қыр асқанда анық көрді, ағаштан жасалған ашық қорада сиырлары қамалыпты. Ат үстінде ақ телпегі мыжырайып қарауыл тұр. Жұлынып келе жатқан үш әйелді көргенде аты тыпыршып, өзінің шолақ қолы шолтандап кетті. Бір сойқанның боларын анық сезді... Жер қожасы кеше келсе, осы он сиыр көк балаусаны кешіп жүр дейді. Өзі үйіне түскі шайға кеткен. Мызғып алам деп кешігіп жетті. Келе естімеген балағаты жоқ. Зікірін салып жүріп сиырларды ағаш қораға тоғытқан. Қақпасына темір шынжырды екі орап құлып салдырған. Бір бума қағазды қолына ұстатқан... Атын сауырға бір салып жылыстап жоғалайын десе еркектік намысы түскір жібермей, қашпайын десе бозбала кезінен білетін мына көксөкқан үш әйелден қаймығып қаралай састы.

— Мынау өңіріне сөбидің алақанындай тағы да орден қадап алған ба? Тіпті жылтырап тұр ғой, — деп Айман қолын маңдайына төседі. — Бибі, баяғы осының әскерден келетін жылы есінде ме?

Неге есінде болмасын, бөліне бес жұлдызды доғасы бар белбеу тағынып қурайдай боп оралған. Бешпетінің екі өңірі тұтасып жалт-жұлт етеді. Қараған адамның көзі тұнады. Өзіне айтқызысан солдат боп жүргенде көрсеткен ерлігі ересен екен.

— Қақаған қыста Сібір ормандары өртенді, — дейді сауыншы қыздарды таң-тамаша қалдырып. — Жалғыз өзім арпалыстым. Күндіз-түні. Жанығып жүріп сөндірдім.

— Алла-ай! — дейді қыздар мұны аяп.

— Бір жақсысы, бір ай бойы тойып шашлық жедім. Орман ішіндегі қабандар үйір-үйірімен өрт кезінде өз-өзінен үйтіліп қалыпты. Теңкиіп жатыр.

— Басқа солдаттар ше?

— Олар бұл кезде шекара күзетіп тұрды. Мына орденді сол жолы генерал өз қолымен әкеп қадаған, — дейді үлкендеу бірін сұқ

саусағымен нұсқап. — Ал мынаны... Шекара бұзған шетелдік бандиттерді ұстағаным үшін маршал кеп тапсырған.

— Басқа солдаттар ше?

— Олар бұл кезде өртенген ағаштарды жинап жүрді. Ал мынаны...

Таңға дейін таусылмас жыр. Көбін былайғы жұрт естімесін деп Бибінің құлағына сыбырлап қана айтады.

Елін қорғаған мұндай ерге қай қыздың көңілі құламасын? Содан әне-міне деп жүргенде... Көрші ауылдағы Уәсиланы қолтықтап кеп кетті.

Шымылдығы желбіреп отырған Уәсиласы түскір Әлиге айтпай ауданға барыпты. Отан үшін жанын да, тәнін де аямаған еріне қызмет сұрапты. Пәтер деметіпті. Қосымша ақы даулапты. Сол кезде батырының сыры ашылыпты. Бақса, Әлидің әскерге барғаны рас. Бірақ ат бағыпты. Бары-жоғы сол. Орден деп өңіріне тізіп алғаны дүңгіршектерде сатылатын значоктар екен.

— Қора басына қойған қарақшы құсап тұрысын қарашы, — деді Бибі жүзі әлем-тапырық боп. — Шығар сиырды!

— Шықпайды, — деді қарауыл көзін алып қашып.

— Қарай гөр мұны!

— Ол ненін ақысы?

Қарауыл содан бері жоқ. Ел боп ізледі. Қалың қамысты жалғыз талдап тінтті. Таптырмады. Бір хабарын берген жанға сүйінші де ұсынды. Жын көтергендей. Жер жұтқандай. Бар қарғысын байын қуған үш әйелге бағыштап баққан Уәсила ақыры шыдап отыра алмай бұлардың үйіне беттеген.

Теңіз тамағына төніп отырған үш үйдің иесі бұл кезде көленкеде шай ішіп, шып-шып терлеп отырған. Тер шыққан соң сөз шықпай ма?

Кеше кешкілік бұлардың азын-аулақ уақ жандығына қасқыр шапқан. Күн енді байи бастаған ақ пен қызылдың арасы еді. Қораға беттеген қой дүркіреп кеп қашты. Қолдарына айыр-қүрек ап бұлар да тұра ұмтылған. Айтақ салған. Құйрығы бір тұтам сұр қасқыр тіпті қаймығар емес. Үріккен қойдың соңында қалған кенже туған қозыны мойнынан тістеді де арқасына салып алды. Сосын борбайлап келе жатқан бұларға жалтақ-жалтақ қарап кете барды. Қынар түрі жоқ.

— Сол аяғы молақ екен. Қақпанға шаптырған да, — деді Айман көлдей орамалмен терін бір сүртіп тастап.

— Қамыс ішінде кезігіп ырылдаған қасқыр сияқты, — деді Қарғаш.

— Көзі таныс. Әйтеуір біреудікінен аумаиды, — деді Бибі екіұштылау етіп. — Өңменімнен өтіп кетті...

— Әлиді сонша қуғандарын не? — деді Айман бір сәт өз-өзінен қабырып.

— Өзін ғой, ұста, ұста деп...

— Ылғи да бізді айдап саласың.

— Суға түсіп кетті ме?

Батпаққа батып өлді ме жазған?

— Түсімнен шықпай қойды, — деді сосын Бибі терең күрсініп. — Баяғы қыз кезіміз екен...

Өңгіме қайта қызған шақта алға өндірішек соза қалған Айман:

— Мына жалғыз жаяу кім? Уәсила ғой, — десін.

— Не дейді?!

— Қой, ойбай! — деп орнынан атып тұрғанда Бибі жанындағы самаурынды аударып кете жаздады. — Бұл неғып жүр?

Етегін шапалап теуіп жеткен бетте:

— Иә, үш күзгын отырысыңдар ма? — деп көк көз, қызыл мұрын, сары әйел екі бүйірін таянып талтайып тұра қалған.

— Отырмай қайда ұшамыз?

— Көшіріп жіберейін деп пе ең?

— Одан да келген шаруанды айт!

— Байымды өлтіріп, тығып тастағанысыңдар. Сендерден бәрі шығады. Әлидің қарауыл боп атқа мінгенін көре алмай іштерін қыз-қыз қайнаған!

— Өлтіргені несі? — деген Айманның алақандай ақ орамалы төбесінде ойнап кетті.

— Несін қызғанамыз? — деді Қарғаш жалақ ернің бір жалап алып.

— Қызығын өзін көрген жоқсың ба? — деп Бибі қыли көзін әдетінше қиғаш салды.

— Тап та тап! Өңнен бай құтаймаған бейбақ! Сендер кімнің қадірін білейін деп едіңдер?!

— Тіліңді тарта сөйле, — деп Айман енді анық қайратына мінді. — Әлимен екі күннің бірінде күл шашып төбелесетін сен емес пе ең. Менің байым өлсе — ажалынан өлді. Мініп зорықтырды дейсің бе? Сен қатынды ма? Осыдан қолымдағы немерем оқуын бітіріп келсін. Көзіңді көкшітермін.

— Ал бітірсін! Сонда пойыз айдайтын немерен маған билет кестірмей қоя ма? Мен қайда барып жатырмын?

— Өзің қызғаншақсың. Ішіңе шынашақ айналмайды, — деді күйеуі жас әйел алып кеткен Қарғаш басқа сөз таба алмай. — Қызыл сиырым күйлегенде бұқанды бермей қойғансың. «Мә, бұқа, мә, саған!» деп қолыңды шығарып даланы басына көтердің. Өтірік деші?

— Сендердікі күйлемей жүрмес...

Қарғаш отырған жерінен атып тұрып Уәсилаға ұмтылған, Айман мен Бибі етегіне жармасып, қапелімде жіберер болмады...

Қарауыл содан бері жоқ. Ел боп ізледі. Қалың қамысты жалғыз талдап тінтті. Таптырмады. Бір хабарын берген жанға сүйінші де ұсынды. Жын көтергендей. Жер жұтқандай. Тек сол аяғы молақ сұр қасқыр ғана Уәсила жатқан терезенің алдына кеп таңға дейін «У-у-у...» деп ұлып шығады дейді.



БҮГІНГІ САТІРА



Көшеде келе жатсам, ішімдікке масайрап алған бір топ қыз, құрбысын құрбақадай көріп, тепкілеп жатыр екен. Қыздардың мына қылығына шыдай алмадым, ажыратайын деп, біреуінің сирағынан ұстай алып, кері тартып едім, теуіп жіберіп, тұмсығым тыз ете қалды. Екіншісі бір қыз арқама жабысып алып, шашымды темір тарағымен тарады. Қой десем қоймайды, не түспейді, қолына «Коко-кола»

темекі шегіп тұр екен. Қолында алабажақ сөмке. «Мына сөмкені коқысқа лактыра салыңызшы! Ішінде екі килодай ет бар еді...» дейді... Таң қалдым. Адам адам болғалы, етті коқысқа тастайды ма екен? Әлде, сасытып алды ма? «Өзің неге тастамайсың?» деп сұрасам, «ұялып тұрмын» деп қояды. Ойбай, еттен ұялатын қандай қыз?» деп ойлап, сөмкесін қолынан жұлып алып едім: «Рахмет, аға!» деген қыз қырық бірінші қылығымен жымнып, қаша жөнелді. Сөмкені ашып қалып едім, құндақтаулы шақалақ! Нәресте! Жүрегім «буксейайт» етіп қала жаздады. Енді қайттым? Коқысқа тастай салғысы

Қазақ қыздарына қайран қалып келемін. Тойларда тойып секіреді, жалаңаштанып өлгенше кекіреді, әлеуметтік желілерді ашып қалсаң, жалаңаш қыздардың арасында, «женский» моншада жүргендей әсерде болады екенсін... Басым қатты. Бір кафеге кіріп, тамақ ішіп алғым келген. Іші тола жастар екен. Билеп жатыр. Шеткі столға отырып, даяшының келуін күткенмін. Бір кезде біреу артқы жағымнан: «Ағай, бері қараңызшы?» деп сызылды. Жалт қарап едім, басына сәукеле киіп, шолпысы сылдырлаған қыз күлімсіреп тұр! Көздерім жыпылықтап кетті, өйткені, қыздың кеудесі жалаңаш болатын. Екі қолымен томпаған төсін ұстап, кірпіктерін қағып-қағып жіберіп, бұралаңдағанда, орнымнан атып тұрдым. «Ағай, инстаграмда жалаңаш жүрген қызбын ғой» дейді. Бетіне былш-былш түкіріп, кафеден қашып шықтым. Үйім жақын

Арқамда ару отыр

ұстатсам, ішпейді... Сосын, сол қызды арқалаған күйі үйге келсем, әйелім: «Мынауың кім?» деп сұрайды. Мен: «Танымаймын?» дедім. Ол айтты: «Онда неге арқалап алғанысың?» Мен: «Қазақ қыздарының кезекті қылығы!» — дедім. Арқамдағы ішіп алған қызға: «Келесі аялама, төсек, ол жақты қып-қызыл өсек!» деп қайқаң-қайқаң етсем де, түспейді. Ауру шығар деп сүт берсем ішпейді. Желімдей жабысып алған. Менің бұрыннан киіп жүрген мәйкім сияқты. Әйелімнің алдында «просто не удобны» болды. Оған түсіндіріп едім, «Енді арқалап келетін болғанысың ба?» деп сыпырғысымен ұрып, үйден қуып шықты. Түнделетіп, түнеріп келе жатырмын. Сүмелек қыз арқамнан сырғанап бара жатса, итіңдеп, жоғары шығып алады. Аяқтарын алдыма аякастырып алған, қолдарымен мойнымды қылғындырғанда, ауа жетпей, көмір шахтасында жүргендей, біреу ту сыртынан сықылықтап күлгендей немесе артымнан күшік шәуілдеп үргендей күй кешемін. Сосын жыным келіп, жерге, қар үстіне жата кеттім де, ары аунадым, бері аунадым. Мас қыз домалап кеткенде, атып тұрып: «Келе жатқан Жана қылымын!» дедім құттықтап. Қаша жөнелдім! Беу қыздар-ай, қылықтарын қырықтан да асып барады-ау!

Үсті-басымды қағып, күл-коқыс тастайтын жәшіктердің жанынан өтіп бара жатқанмын. Біреу: «Ағатай, бері келіңіші!» деді. Жап-жас қыз



келген көкек ананы сыбап алдым да, «татабайын көрейінші?» деп түн ішінде бұтын ашып қарасам, қыз нәресте екен. Жүрегім елжіреп кетті. Көзімнен жас домалап, жерге мұз болып түсті. Күн аяз болатын. Нәрестеге жаным ашып, бүрсендеп, үйге қарай жүгірдім. Жүгіріп келіп, есіктің қоңырауын бастым. Әйелім қолымдағы нәрестені көріп, талып қалды. Бетіне айран жағып, есін жиғызып алдым. Өйткені, өзі айтатын, егер талып қалатын жағдайым болса, бетіме айран жак, әрі маска болады деген. Содан әйелім: «Бұл кім?» — деп сұрады. «Шақалақ...», — деп мінгірледім. «Міне, саған шапалақ!» — деген көкбет қатыным сәлеп—сәлеп қалды. Жағымды ұстап, жылай салғым келді. Әйелім болса, аузына келгенін құсып жатыр, құсып жатыр, небір сатпақ сөздері ұшып жатыр, ұшып жатыр... «Жанағы алқаш қыздан ба балаң?» деді де, есікті ашып, тізесімен құйрығыма бір тепкенде, қайқаң ете қалап, көшеге атып шықтым. Түн

болатын, безектеп келіп, қоңырауды басайын. Бір кезде біреу иығымнан түртеді. Қарасам, жанағы беліне дейін жалаңаштанған қыз. «Бетіме түкіргеніңіз үшін сотқа беремін!» — деді де, арқама ырғып мініп алды. Немене пәле, қыздардың қылығы осындай болып кеткен бе? Дәл сол кезде әйелімнің есікті еніретіп аша қалғаны бар ма? «Мынау кім?» — деп сұрады сұрланып. «Танымаймын...», — дедім мен. «Танымасан, танысып кел!» деген ол төпішкесімен басыма бір қойып, есікті тарс еткізе жауып алды. Құдайым-ай, енді не істеймін, а? Қайтадан кафеге келдім, «за күйік» ішіп алайын деп. Орындыққа отырайын десем, отыра алмаймын, отырайын десем, отыра алмаймын. Сөйтсем, арқама жабысқан жалаңаш қызды ұмытып кетіппін! Сасқанмын: «Жана жылыңызбен!» деппін ғой.

Жаңа жылдарыңызбен!

Мұхтар ШЕРІМ

Биыл Шығыс Қазақстан облысынан бесінші «Алтын адам» табылды. Академик Зейнолла Самашевтың айтуынша, Алтайдан табылған «Алтын адам» еш бүлінбеген.

Жыл жәдігері



Барлық алтын бұйымдар сол күйінде сақталған. Біздің заманымызға дейінгі VIII ғасырға жататын ерте сак дәуірінің мұрасы. Есік қорғанынан табылған «Алтын адамнан» да көне. Екеуінің арасында III ғасыр айырмашылық бар. Осылайша араға 50 жыл салып, қазақ даласынан екінші рет тоналмаған «Алтын адам» табылды.

Өнерімен озды



Биылғы жылдың тағы бір жаңалығы — маңғыстаулық жас өнертапқыштың жасанды қол ойлап табуы. Ақтаудағы Назарбаев зияткерлік

мектебінің 11-сынып оқушысы Назира Қыдырбаеваның жасаған протезі онай жұмыс істейді. Адамның сау қолының бұлшық еттері жиырылғанда, датчиктен микро бақылаушыға сигнал барады. Микроконтроллер келген белгіні өңдеп, моторға бағыттайды. Берілген сигналға сәйкес сервомотор саусақтарды жұмып ашады. Протездің артықшылығы оған аз қаражат жұмсалады. Бір жасанды қол 2 млн теңгеден аспайды.

ЖЫЛАДЫҢ ҰЗАҚТЕРІ



Әнімен әлемге танытты

Димаш Құдайберген — актөбелік жас әнші. Ол әсем әндерімен Қазақстанды жер шарына танытты. Қытайда, Лондонда, Мәскеуде өткен концертін ондаған мың, ал телеарналар арқылы миллиондаған жұрт тамашалады. Жакында Қытайда ұйымдастырылған The Silk Road Cohesion Awards 2018 халықаралық кинофестивалі аясында Димаш Құдайберген «Жыл әншісі» атанды.



Өнерлі жастардың арасынан Димашқа тең келер әнші әзірге болмай тұр.

Ең әдемі актриса



Елімізді әлемге танытқан жас актриса Самал Еслямова биылғы 71-Канн кинофестивалінің үздік актрисасы атанған болатын. Ол ресейлік режиссер Сергей Дворцовыйдың «Айка» фильмінде басты рөлде ойнады. Самал Еслямова 1984 жылы Солтүстік Қазақстанда дүниеге келген. Мәскеу театр институтында актерлік мамандық бойынша білім алған. Жас актриса А.Ұзабаевтың «Батырлар жолы» атты тарихи сериалына түсті.

Ойға жетелейтін «Оралман»

Биыл «Оралман» көркем фильмі Бішкекте өткен «Ақ Ілбіріс» ұлттық киножұлдесінің екі марапатын алды. Фильм «Орталық Азияның үздік фильмі» жұлдесімен, ал картинада басты рөлді сомдаған актер Дулыға Ақмолда «Орталық Азияның үздік актері» жұлдесін иемденді.

Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген фильм туған жерінен кетуге мәжбүр болған, алайда ондаған жыл өткен соң Ауғанстаннан еліне қайта оралған қандастарымыз жайлы баяндайды (Режиссері — Сәбит Құрманбекөв).



Фильм Иран астанасы Тегеранда өткен 35-халықаралық Фаджр кинофестивалі мен XIII халықаралық «Еуразия» кинофестивалінің бас жұлдесін де жеңіп алған.



Денис Тен — Қазақстанды төрткіл дүниеге танытқан спортшы. Алматыда туып-өскен. Мәнерлеп сырғанаудан еліміздің бес дүркін чемпионы. 2014 жылғы Олимпиаданың қола жұлдегері. Әлем чемпионатының үш мәрте жеңімпазы. Конькимен сырғанаушылардың

Ұмытылмайтын ұл

халықаралық одағы рейтингінде 9 орында тұрған Денис Тен биыл 19 шілдеде қылмыскерлердің қолынан қаза тапты. Ол бар болғаны 25 жаста еді...

Республикалық Қазақ күресі федерациясы, спортшы балуандар, курстас достары, қазақ күресінен республикада бірінші спорт шебері атанған Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, Орталық Азия және Қазақстан Спар-такиадасының чемпионы, орта мектеп және спорт мектептері директорылығы қызметтерін атқарған,

Мейірхан Тапашұлы Аманбаевтың

66 жасқа қараған шағында қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып отбасына, туған-туыстарына көңіл айтады.



Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терішші

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2145;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.